**Аңдатпа.** Бұл мақалада автор мұғалімнің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуы – ғылыми мәселе ретінде кеңінен қарастырылып, оның әдістемесі мен педагогикалық шарттары талданған. Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуының философиялық бастаулары мен аталған мәселеге тоқталған шетелдік және отандық авторлардың көзқарастарына талдау жасалып, кәсіби өзін-өзі дамытудың механизмі мен базалық түсініктері анықталып, мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуға даярлығының моделі құрылған. «Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуы» түсінігінің педагогикалық мәні нақтыланды, мұғалімнің өзін-өзі дамытуының өлшемдері, деңгейлері мен нәтижелері анықталды, мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытудың моделі жасалды, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамыту процесінің тиімділігін арттырушы педагогикалық шарттар теориялық тұрғыдан негізделді. Практикалық бөлімде орта мектептердегі мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуларының нақты жағдайлары жайлы жазылып, жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен қорытындылары, яғни зерттеу кезінде анықталған мұғалімдердің өзін-өзі дамытуға әзірліктерінің саңдық және сапалық көрсеткіштері келтірілген. Қорытындыда нәтижелер шығарылып, зерттеу жұмыстарының қорытындылары негізінде ұсыныстар беріледі. Сондай-ақ, оқыту-тәрбиелеу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында, мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуларының аса маңызды екендігі жайлы сөз болады.

**Түйін сөздер:** мұғалім, кәсіби өзін-өзі дамыту, эксперимент, педагог.

Bazarbayeva Klara Konarovna, Toktarbayev Darkhan Gabdyl-Samatovich  
**Teaching conditions of teaching and development of teaching professional development**

**Abstract.** In this article, the author widely examines the problem of professional teacher self-development, its methodology and pedagogical conditions. The philosophical beginnings of professional self-development of the teacher and the views of foreign and domestic authors on this issue were also analyzed, the mechanism and basic concepts of professional self-development were identified, and a model of teacher self-development was developed. The pedagogical value of the concept of "professional teacher self-development" is defined, the criteria, levels and results of teacher's self-development are defined, a model of teacher's professional self-development is developed, as well as the theoretical foundations of pedagogical conditions that increase the efficiency of the teacher's self-development process. The practical part describes the real situations of professional self-development of teachers in secondary schools, as well as the results and conclusions of the study, that is, quantitative and qualitative indicators of the prospects for the self-development of teachers. In conclusion, the results are summarized, and recommendations are made based on the results of the study. It is also important to emphasize the importance of professional self-development of teachers to improve the efficiency of the teaching and learning process.

**Key words:** teacher, professional self-development, experiment, teacher.

Базарбаева Клара Қонаровна, Тоқтарбаев Дархан Ғабдыл-Саматович  
**Педагогические условия обучения и развития обучения профессиональному развитию**

**Аннотация.** В данной статье автор широко рассматривает проблему профессионального саморазвития учителя, его методологии и педагогических условий. Также были проанализированы философские начала профессионального саморазвития учителя и взгляды зарубежных и отечественных авторов по этому вопросу, определены механизмы и основные концепции профессионального саморазвития, разработана модель саморазвития учителя. Определена педагогическая ценность понятия «профессиональное саморазвитие учителя», определены критерии, уровни и результаты саморазвития учителя, разработана модель профессионального саморазвития учителя, а также теоретические основы педагогических условий, повышающих эффективность процесса саморазвития учителя. Практическая часть описывает реальные ситуации профессионального саморазвития учителей в средних школах, а также результаты и выводы исследования, то есть количественные и качественные показатели перспектив саморазвития учителей. В заключение результаты обобщаются, и на основании результатов исследования даются рекомендации. Также важно подчеркнуть важность профессионального саморазвития учителей для повышения эффективности процесса преподавания и обучения.

**Ключевые слова:** учитель, профессиональное саморазвитие, эксперимент, педагог.

**Кіріспе.** Қазір үздіксіз білім беру жүйесі қарқынды даму үстінде екендігі баршамызға аян. Қоғамның дамуы, соған лайық адамзат санасының өзгеруі, озық технологияларды оқыту процесінде қолдану, осылардың барлығы мектептегі білім беру жүйесін біршама күрделендіріп отыр. Ал мектептің жүрегі іспеттес мұғалім – болашақ ұрпақтың білім нәрімен қарулануына аса жауапкершілікпен қарайтын тұлғалар, бүгінгі күннің жаңалықтарын, өзгерістерін үнемі қадағалап, игеріп отырғандары абзал.

Қазақстан өз дамуында жаңа серпілістер жасауда. Еліміз дамыған елдердің санатында болуы үшін білім саласында да үлкен реформалар жүргізілуі тиіс. Бұл жөнінде Елбасы өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп ерекше атап көрсетті [1].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістің сатысында тұр. Оның үдемелі дамуы үшін шешуші тұлға ғылыми және техникалық білімдерді игереді, ойдың және рухани потенциалдың қалыптасуына ықпал етеді, үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда қоғамның әр мүшесінің өз шығармашылық потенциалын жүзеге асыру қажеттілігі айтарлықтай артады. Бұл «Білім туралы» Заңда (2007), «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» қарастырылған [2].

Қазіргі кезде білім беру саласын модернизациялау процесін жүзеге асыру жеке тұлға мен мұғалімнің кәсіби потенциалын белсендендіруді қажет етеді. Оқыту процесін әр бала ақыл-ой және шығармашылық жағынан дамып, жетістікке жете алатындай етіп ұйымдастыра білетін мұғалімдерге сұраныс өсті. Мұғалімнің кәсіби білім деңгейіне қойылатын талаптар, өз еңбегінің нәтижелігіне жауапкершілік күрделене түсуде. Бұл жағдайда педагогикалық шеберлікті жетілдіру, мұғалімнің шығармашылық потенциалын дамыту мәселесі әлеуметтік талап қана емес, сонымен бірге мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасын шыңдауға деген талапқа ұласады. Білім беру мекемелеріне негізгі психологиялық-педагогикалық дайындықты игерген, өз пәнін жете меңгерген, әдістемелік құралдармен қаруланған, балаларды түсінетін және олармен

жоғары деңгейде қарым-қатынасқа түсе алатын, мәдениетті, эрудициясы жоғары, еңбекке құлшынысы бар шебер мұғалімдер қажет. Мектептегі тұтас оқыту-тәрбиелеу процесінің тиімді болуы мұғалімнің жеке басын жетілдірумен байланысты болып отыр [3].

Бүгінгі күндегі қол жеткізген жетістіктеріміз және ертеңгі күні қандай белестерге көтерілетініміз өзімізге, әрбір адамның шығармашылық жұмыс істей алу іскерлігіне, жоғары саналылыққа, кәсіби шеберлікке, жауапкершілік сезімге және қоғам алдындағы парызымызды өтеуімізге байланысты. Қоғам алдында жауап беретін тұлғалардың бірі – мұғалім. Мемлекеттің білім саясаты осы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Ал мұғалімдер қауымының алдында тұрған басты мақсат – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған, жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұғалімнің кәсіптік жетілуі мен дамуы тұрғысында көп мәселелер қарастырылуы қалыпты жағдай.

Педагогтардың кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселелерін П.П. Блонский, Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко және т.б. жете зерттеген. Олар Кеңес мұғалімін даярлаудың мәнін, мазмұны мен жүйесін негіздеген. Бүгінгі педагогтар Н.В. Кузьмина, В.А. Слостенин, С.Т. Каргин, Л.А. Шкутина, Н.В. Мирза, Қ.А. Сарбасова т.б. мұғалімді кәсіби даярлау процесінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне, педагогикалық мамандықтың мәніне, өзіндік ерекшеліктері мен функцияларына тоқталады. Оның құрылымын негіздеу отырып, мұғалімнің іс-әрекетінің профессиограммасын, студенттердің шығармашылық және өздігінен дербес білімін жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік бағдар ұсынады [4].

Мұғалімнің кәсіптік-шығармашылық дамуы жөнінде В.А. Афанасьева, Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, А.А. Бейсенбаева, М.Ә. Құдайқұлов, А.К. Ахметов, Б.А. Тұрғынбаева және т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді [5].

Мұғалімнің кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселесі де ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Оны ғылыми-теориялық тұрғыдан О.А. Абдуллина, В.А. Беликов, Г.Д. Бухарова, А.Д. Сазонов және т.б. ғалымдар негіздеді. Мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесі, соның ішінде кәсіби-педагогикалық даярлаудың жалпы теориясы О.А. Абдулинаның, Ю.К. Бабанскийдің, Ю.Н. Кулюткиннің және т.б. еңбегінде қарастырылса, шығармашылықта педагогикалық іс-әрекет мәселелеріне В. Андреев, В.В. Краевский, А.И. Пискунов және т.б. еңбектері арналады.

Педагогикалық іс-әрекеттегі жеке тұлғалық-кәсіби өзін-өзі дамыту мәселесі өткен ғасырдың 20-шы жылдары қарастырыла бастаған. Педагог-ғалымдар Е.В. Бондаревская, В.В. Зайцев, Н.К. Сергеев, В.В. Сериковтар кәсіби білімнің тиімді дамуы үшін, оқушылардың білім алуларында таңдау жасауларына мүмкіндік беріп, даму мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасарлық жеке тұлғалық тұрғыдан қарастыру жөн деген пікір білдірген. «Өзіндік сана» мәселесін Ш.М. Мұхтарова, «өзін-өзі өзектілендіру» мәселесін К.Маслоу, «өзін-өзі тәрбиелеу» мәселесін А.Г. Ковалев, А.Б. Бекмановалар, «өзін-өзі дамыту» мәселесін Г.О. Абдуллаева, М.М Рыскуловалар қарастырса, мұғалімнің кәсіби дамуын М.М. Мұхаметқали, Т.Б. Машенбаев, К.С. Құдайбергенова, Е.Е. Чудина, Н.Н. Костогрыззовтар ғылыми тұрғыда негіздеген [6].

Ю.П. Азаров, Е.Н. Шияновтардың зерттеулерінде педагогтың кәсіби-жеке тұлғалық өзін-өзі дамытуының қалыптасу процесінің жалпы заңдылықтары анықталған. Осыған орай, ғалымдардың көпшілігі жеке тұлғалық-кәсіби өзін-өзі дамытуды кәсіби іс-әрекеттің маңызды элементі деп санайды. Яғни, жеке тұлғалық-кәсіби өзін-өзі дамыту жүзеге аспаса, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі де жоқ [7].

Мұғалімдерге білім беру саласының мазмұнды жаңаруы мен мақсаттарын түсіну мен қабылдауға жағдай туғызу, мұғалімнің дербестенуі, кәсіби даму педагогикалық практиканы нақты өзгерту механизмдері болып табылады. Негізінен оқушылардың дамуы педагогикалық әрекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ал, оқушыны өзін-өзі дамыту процесіндегі мұғалім ғана толыққанды дамыта алады. Практикалық тұрғыда мұғалімнің өзін-өзі кәсіби дамытуы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етілмей стихиялы түрде өтеді. Екіншіден, мұғалімнің өзін-өзі кәсіби дамытуы дербестік, өзіндік әрекет сипатына ие, өзінің саналы таңдауы болып табылады [8].

Мұғалімнің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуына бағытталған білім беру процесінің теориясы мен практикасын талдау:

– мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттілігін толық сезінбеуін;

– кәсіби даму жүйесінде өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі дамыту процестеріне түрткі болатын жағдайлардың аздығын;

– кәсіби өзін-өзі дамыту процесін бақылау және бағалаушы жүйелердің жоқтығын көрсетті [9].

Ал, қазіргі кездегі өскелең ұрпақты оқыту-тәрбиелеу процесі өзін-өзі үнемі кәсіби тұрғыда жетілдіріп отыратын мұғалімді қажет етеді. Демек, мұғалімнің өзін-өзі кәсіби дамыту мәселесі бүгінгі күнге дейін психологиялық-педагогикалық тұрғыда толық зерттелмей отыр. Осындай қайшылықтарды есепке ала отырып, мұғалімнің өзін-өзі кәсіби дамыту тенденциясы, педагогикалық шарттары, әдістемесі қандай деген нақты зерттеу мәселесін негізге алып, зерттеу тақырыбымызды «Мұғалімнің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуының педагогикалық шарттары» деп атадық.

**Практикалық ұсыныстар.** Мұғалімнің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуы мәселесін теориялық тұрғыда негіздеп қана қою біздің көзқарасымызша жеткіліксіз. Мұғалімнің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуға жағдай тудыратын педагогикалық шарттардың тиімділігіне эксперимент жүргізу және нәтижесін қорытындылау барысында көз жеткізуге болады.

Мұғалімдердің нақты педагогикалық процесс барысында кәсіби өзін-өзі дамыту іс-әрекеттерін қалай және қаншалықты деңгейде ұйымдастыратындықтарына көз жеткізу үшін эксперимент және бақылау тобындағы мұғалімдерге бақылау жүргіздік. Бақылау бағыты төмендегідей болды:

- мұғалімдердің сабақ процесін бақылау;
- үзіліс арасындағы іс-әрекетін бақылау;
- жүргізетін пәнге байланысты картотекасының және оқу-әдістемелік құралдарының бар-жоғына көз жеткізу [10].

Мұғалімдер сабақ беру процесінде көбінесе оқулық шеңберінде шектеледі. Мұғалімдердің көпшілігінде қосымша әдебиеттері жоқ. Базалық білімдерінің жоғары деңгейде екендіктеріне қарамастан, оқушылардың тосыннан қойған сұрақтарына нақты жауап бере алмаған мұғалімдер болды. Бұл мұғалімнің кәсіби білімін үнемі көтеріп отырмағандығының дәлелі бола алады. Мұғалімдердің аз бөлігі ғана үзіліс арасында әдістемелік кабинетте болып, ондағы материалдарға көз жүгіртеді. Онда да ситуациялы жағдай болғанда ғана. Мұғалімдер өз қаржысына кітап сатып алуды қажет деп санағанымен көп жағдайда жүзеге асырмайды. Мұғалім еңбек ақысы кітап немесе басқа да әдістемелік құрал-жабдық сатып алуға жетпейді, – дейді.

Мұғалімдердің күнделікті өмірде кәсіби іс-әрекеттің маңызын, мәнін түсіну және саналы түрде жүзеге асыру, сондай-ақ, педагогикалық процесті орындау барысында

өзін-өзі дамыту деңгейін нақтылау үшін И.П. Посашкова әдісі негізінде сұрақнама жүргіздік (5-қосымша). Бақылау және эксперимент тобындағы мұғалімдер арнайы дайындалып берілген жауап парақтарына нұсқауларға сәйкес өз ойларын жазды. Жауап парақтарын оқып отырып, мұғалімдердің күнделікті өмірде кәсіби іс-әрекеттерінің жүзеге асу сапасына және өзіндік даму деңгейлеріне көз жеткіздік [11].

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесіне сүйене отырып, біз мұғалімнің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуының өз жеке тұлғалық сапаларын мақсатты түрде өзгерту процесі ретінде қарастыруға мүмкіндік аламыз. Өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп, олардың жеке тұлға ретінде дұрыс қалыптасып, тәрбиеленуі үшін мұғалім мен оқушы арасындағы тығыз қарым-қатынас процесінде де мұғалімнің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытып, жетілдіріп отыруы маңызды.

Зерттеу жұмысымыздың пәні орта білім беру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамыту процесі, ал мақсаты – педагогтардың қазіргі жағдайдағы кәсіби өзін-өзі дамытуларының мәнін ашып, оның педагогикалық шарттарын анықтау болды. Осыған орай біз егер мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамыту процесі өзінің мазмұны мен құрылымын ашып көрсететіндей теориялық, әдіснамалық тұрғыда негізделсе және моделі құрылса, педагогикалық шарттары анықталса, өзін-өзі дамыту процесінің субъектісі ретінде мұғалімнің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру механизмдерін қамтитын әдістемесі жасалса, онда мұғалімнің өзін-өзі дамыту процесі тиімді түрде жүзеге асады деген болжам жасадық. Мұндай болжам жасауға аталған шарттардың барлығы қамтылған жағдайда мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуының мақсатты түрде іске асатындығы себеп.

Осылайша, біз теориялық мәліметтерді талдай келе, мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуының педагогикалық шарттарын анықтап алдық. Олардың қатарына мұғалімнің: өзіне деген сенімі, педагогикалық іс-әрекеттегі жеке қиындықтарын анықтауы, психологиялық дағдарыстарды жеңуі,

психологиялық теория мен педагогикалық тәжірибені ұштастыруы, әр нәрсенің мәнін түсінуі, жеке жұмысы, оқушылармен қарсы байланыс орнатуы, әріптестерімен өз тәжірибесімен бөлісуі, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуына жағдай жасайтын дамыту ортасының болуы, сырттай бақылаудың болуы жатады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, біз білім беру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында, мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуының дұрыс жолға қойылуы үшін мұғалімдерге төмендегідей ұсыныстарымыз бар:

- мұғалімнің өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы және нығаюы;

- мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетте жеке қиындықтарын анықтай білуі;

- мұғалімдердің психологиялық дағдарысты жеңе білулері;

- мұғалімдердің психологиялық теория мен педагогикалық тәжірибені ұштастыра білулері;

- мұғалімдердің әр нәрсенің мәнін түсіне отыра өз беттерінше жеке жұмыс жүргізулері;

- мұғалімнің оқушылармен қарсы байланыс орнатып, әріптестерімен іс тәжірибелерімен бөлісулері;

- қашанда әр нәрсеге төзімділік танытулары.

Мектеп әкімшілігіне төмендегідей ұсыныстарымыз бар:

- әр мұғалімнің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуы тиімді іске асу үшін осыған жағдай жасайтын орта қалыптастыру, сырттай бақылау ұйымдастыру;

- жоғарыдағы шарттардың маңыздылығына қатысты семинар, пікірталастар өткізу;

- кезеңдерге бөліп, мұғалімнің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуының қаншалықты іске асып жатқандығына орай диагностикалық жұмыстар жүргізу;

- әр мұғалімнің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуының деңгейіне қарай кезең сайын кесте сызып, салыстырмалы көрсеткіштер келтіріп отыру;

- педагогикалық процесс барысында мұғалімнің өзін-өзі кәсіби дамыту процесінің үздіксіз жүріп отыруын қадағалау.

## Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2006 жыл 1 наурыз.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2000. – Б.29-31.
- 3 Қазақстан Республикасының «Орта білімді дамыту тұжырымдамасы» // Егемен Қазақстан. – 1997. – 19 маусым.
- 4 «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». №1118 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы // Егемен Қазақстан. – 2010, 18 маусым.

- 5 Сергеев Н.К. Непрерывное педагогическое образование: концепция и технологии учебно-научно-педагогических комплексов (вопросы теории): монография. – СПб.: Волгоград, 1997. – 166 с.
- 6 Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепции и технологии: монография. – Волгоград: Перемена, 1994. – 152 с.
- 7 Ильин В.С. Формирование личности школьника (целостный процесс). – М., 1984. – 144 с.
- 8 Положение о государственном стандарте общего среднего образования Республики Казахстан / сост.: Н.Н. Нурахметов, М.Ж. Жадрина, Ш.Т. Таубаева, К.А. Утеева. – Алматы: РИК, 1996. – 17 с.
- 9 Выступления Министра образования и здравоохранения на 1 съезде работников образования Республики Казахстан. Менеджмент в образовании. – Алматы: РИПК СО, 1999. – №4. – С. 3-5.
- 10 Сверили часы по новому времени // Каз. Правда. – 2001, 3 февраля.
- 11 Ильясов Н. Болашақ физика мұғалімінің кәсіби дайындығын дамытудың әдістемелік жүйесі: пед. ғыл. док. дәреж. дисс. автореф. – Алматы, 2007.

**Досқараев Б.М., Бекембетова Р.А., Алтынбек Е.Т.**

Қазақ спорт және туризм академиясының Спорт ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СПОРТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУЫ**

Досқараев Бауыржан Мелдебекұлы, Бекембетова Райса Абдрахманқызы,  
Алтынбек Ербол Тұрғанбекұлы

**Қазақстандағы спорт ғылымының бүгінгі жай-күйі мен дамуы**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстанның спорт ғылымының бүгінгі жалпы жағдайы, сонымен бірге дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің қазіргі ахуалына қатысты мәселелер, оның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы дамуының өзекті мәселелері қарастырылады. ҚазСТА Спорт ҒЗИ ғылыми-зерттеу жұмыстары қызметін талдау және қазіргі уақыттағы спорт ғылымының өзекті проблемаларына арналған ғылыми бағыттар негізінде, спорт ғылымын реформалау және спорттағы ғылыми зерттеулер технологиясының тиімділігін жоғарылату жолдары мазмұндалады. Өйткені, бүгінгі таңда әлемдік тәжірибелер көрсетіп отырғандай, мемлекет пен халық бейнесін өздерінің спорттық жетістіктері және нәтижелерімен тек жоғары дәрежелі спортшылар ғана көрсетіп қоймайды, ол сондай-ақ спорт маңындағы адамдардың спорт ғылымына, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және ғылыми эксперименттерге деген позитивті қатынастарынан, олардың заманауи құрылғыларды пайдаланудағы шынайы жетістіктерінен, сондай-ақ, эксперименттік мәліметтерді заманауи техникада өңдей және талдай алудағы терең білімдерінен және жалпы спорттық индустрияның дамуынан да көрініс табады.

**Түйін сөздер:** ғылым, спорт, ғылыми-зерттеу қызметі, зертхана, эксперимент, тереңдетілген кешенді тексеру.

Doskarayev Baurjan Meldebekovich, Bekembetova Raisa Abdrahmanovna,  
Altynbek Yerbol Turganbekuly

**The current state and development of sports science in Kazakhstan**

**Abstract.** The article discusses issues related to the current state of sports science in Kazakhstan, as well as research activities in the field of physical culture and sports in Kazakhstan and current issues of its development in the new socio-economic conditions. Based on the analysis of the research activities of the research institute of sports KazAST, as well as scientific directions on topical issues of sports science at present, outlines ways to reform sports science and improve the effectiveness of technology research in sports. Since today, world practice shows that not only sportsmen of the highest category of big sports represent the face of the state and the people with their sporting achievements and results, but also the positive attitudes of people around sport to sports science, research work and scientific experiments, their real achievements. In the use of modern equipment, as well as their deep knowledge in the processing and analysis of experimental data in modern technology and with the development of the sports industry as a whole.

**Key words:** science, sport, research, laboratory, experiment, in-depth comprehensive survey.

Досқараев Бауржан Мелдебекович, Бекембетова Райса Абдрахмановна,  
Алтынбек Ербол Тұрғанбекович

**Современное состояние и развитие спортивной науки в Казахстане**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы, касающиеся современного состояния спортивной науки в Казахстане, а также научно-исследовательской деятельности в сфере физической культуры и спорта в Казахстане, и актуальные вопросы ее развития в новых социально-экономических условиях. На основании анализа деятельности научно-исследовательской работы НИИ спорта КазАСТ, а также научных направлений, посвященных актуальным проблемам спортивной науки, в настоящее время, излагаются пути реформирования спортивной науки и повышения эффективности технологии научных исследований в спорте. Так как сегодня мировая практика показывает, что не только спортсмены высшей категории большого спорта представляют государство и народ со своими спортивными достижениями и результатами, но и люди с позитивным отношением к спорту и спортивной науке, научно-исследовательской работе и научным экспериментам, с их реальными достижениями в использовании современного оборудования, а также их глубокими знаниями в обработке и анализе экспериментальных данных в современной технике и с развитием спортивной индустрии в целом.

**Ключевые слова:** наука, спорт, научно-исследовательская деятельность, лаборатория, эксперимент, углубленное комплексное обследование.

**Кіріспе.** Қазақстандағы отандық ғылымның құрамдас бөлігі ретінде спорт ғылымы күрделі кезеңдерді бастан өткеріп келеді. Бұл негізінен қаржыландырудың мардымсыздығына, аппараттар мен құрал-жабдықтарды жаңартуға деген қаражаттың жетіспеушілігіне, мамандық беделінің құлдырауына, сондай-ақ әлеуетті тапсырыс берушілер тарапынан ғылыми зерттеулерге деген қызығушылықтың төмендеуіне байланысты болып отыр.

Негативті факторлардың әсері қайта орнына келмес сапалық өзгерістердің басталуына алып келген шекке дейін жетіп отыр. Сол үшін бүгінгі таңда, спорт ғылымында не болып жатыр, ол жағдайларға әсер ете аламыз ба, егер әсер ете алсақ, онда оны жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда бұрынғы кеңестік деңгейдегідей дәрежеге жеткізу жолында не істеуіміз қажет деген терең әрі жан-жақты талдаулар аса өзекті мәселеге айналары сөзсіз. Біздің ойымызша спорт ғылымын реформалаудың негізгі мақсаты экономикалық және саяси принциптерге сәйкес ғылыми ұйымдардың қызметін белсендендіру болып табылады және ол келесідей мәселелерді шешуді қажет етеді: 1) отандық ғылымның нормативтік-құқықтық базасын қайта қарау; 2) елдегі спортты дамытудың жетекші технологияларын қаржыландыру үшін басымдықтарды анықтау.

**Зерттеу әдістері:** ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, тарихи материалдар, ресми құжаттар және сала мамандарының жұмыстары мен пікірлерін жинақтап қорыту.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерін талқылау.** Құрлықтық және әлемдік спорттық додалардың қорытындылары көрсетіп отырғандай, бүгінгі заманауи спортта бай тәжірибе мен жоғары кәсіпқойлыққа жетуден басқа, елдегі олимпиадалық спортты дамытуда ғылыми-зерттеу мәселесін тығыз түрде қолдану маңызды болып табылады. Осы жерде айта кетерлік бір нәрсе, КСРО-ның кезінде Қазақстан спортшылары 1988 жылы Оңтүстік Кореяда өткен XXIV жазғы Олимпиада ойындарында, ал жалпы саны 17 медальға, оның ішінде 10 алтын медальға қол жеткізген болатын. Егер біз бұл уақытта жеке мемлекет ретінде қатысқанымызда әлем елдері арасында 10-шы орынды иеленер едік. Өйткені бұл дегеніміз Қазақстанның барлық Олимпиадалық ойындар ішіндегі ең мықты көрсеткіші болатын. Мұнымен қоса, Атлантада өткен мерейлі Олимпиада ойындары Қазақстан үшін өте ерекше болды. Олай дейтін себебіміз бұл ойындарға қазақ елі алғаш рет егеменді ел ретінде қатысса, 98 спортшымыз ойын өрнектерін

жоғары деңгейде көрсетті, осы ойындарда чемпион атанған спортшыларымыздың есімдерін атамасақ та түсінікті, өйткені олар спорт тарихы мен түрлі әдебиеттерден белгілі [1].

Демек, бұл дегеніміз нені көрсетеді? Сөзсіз мұнда Қазақстанның спорттық индустриясын сол кез спортшыларына кәсіпқой дайындықтың пайдалы да қажетті жүйесін ұсына білген ғалымдардың, оқытушылар мен бапкерлердің зерттеулеріне байланысты қарастырған дұрыс [2]. Осыған орай, мұнда елдегі дене шынықтыру бағытындағы жалғыз жоғары оқу орны Қазақ спорт және туризм (әрі қарай – ҚазСТА) орны мен рөлі туралы айта кету маңызды. Өйткені салалық бұл оқу ордасы қашанда КСРО мен кейінгі ТМД елдерінің профильдік жоғары оқу орындары арасында алдыңғы қатардың бірін иеленеді. Аталмыш академия – бұл Қазақстанның жетекші білім беру, ғылыми және әдістемелік орталығы бола отырып, дене шынықтыру, спорт және туризм бағыттарында тиісті мамандарды, ғылыми кадрларды даярлауда өзіне үлкен бедел мен қоғамда айтарлық танымалдылыққа қол жеткізе білді. Бұрынғы кеңестік дәуірдің өзінде-ақ, осы оқу орнының базасында «Биік таулы аймақ және спорт» атты проблемалық ғылыми-зерттеу зертханасы ашылған болатын. Ол жан-жақты спорт түрлері бойынша КСРО мен Қазақстан құрама командаларын дайындауда ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде үлкен тәжірибеге ие болды. Өз заманында бұл зертханада А.Д. Бернштейн, Н.И. Пономарев, Ф.П. Сулов және т.б. сияқты әлемдік спортқа танымал ғалымдар өздерінің тәжірибелерін жүргізді [3]. 2005 жылы бұл зертхана Спорт ҒЗИ деп қайта ұйымдастырылып, онда жоғары дәрежелі спортшыларды дайындауды медико-биологиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша зерттеулер жүргізіледі, оның барысында 2010-2011 ж. «Қазақстандық спортшыларды дайындау жүйесінде орта тау және биік тау аймақтарының жағдайын пайдалану» тақырыбындағы қол жеткен гранттың орны ерекше болғанын атап өткен абзал. Спорт ҒЗИ қызметінде бірқатар спорт түрлері бойынша ҚР құрама командалары спортшыларының оқу-жаттығу жиыны кезінде және зертханалық жағдайда тереңдетілген және кезеңдік кешенді тексерулер маңызды орынға ие. Жетекші спортшыларға тереңдетілген кешенді тексеру жүргізу бағдарламасында, түрлі метаболизмдік қуаттылық жүктемесі барысында дененің физикалық жұмыс қабілеттілігін және функционалдық көрсеткіштерді бағалау бойынша тестілеудің жалпы қабылданған әдістері



қолданылады (эргоспирометрия, биохимиялық әдістер, қол эргометриясы, Вингейт тест). Зерттеулер нәтижелері негізгі жарыстарға спорттық дайындық кезінде қолданылып, ғылыми есептер, мақалалар және халықаралық конференцияларда көрініс тапты. Осы кезеңде мақала авторларының келесідей еңбектері жарыққа шықты: 2014 ж. – «История физической культуры в Казахстане» (ФИСУ қолдауымен, ағылшын және француз тілдеріндегі аудармасымен); 2018 ж. – «Бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер футболының жалпы әдістемесі», мұнда ғылыми-зерттеу қызметінің мәселелері мен спорттық дайындау әдістері көрініс тапқан.

ҚазСТА ғалымдарының бастамасы бойынша штаб-пәтері Алматы қаласында орналасқан дене шынықтыру және спорт университеттерінің Халықаралық ассоциациясы құрылды, ол міндетті түрде спорт ғылымы және білім саласында ғалымдардың өзара ынтымақтастығы мен интеграциясына әрі қарай да ықпал ететін болады.

Дей тұрғанмен, Қазақстанда соңғы жылдары бюджеттік қаржыландырудың күрт қысқаруына байланысты құрама командаларды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі бұзылды. Спорттың көптеген түрлерінде іс жүзінде кешенді ғылыми топтардың (КФТ) жұмыстары тоқтатылды. Бұл тек спорттық дайындық процесіне ғана емес, сондай-ақ, спорттық ғылымның дамуына да өзінің кері әсерін тигізбей қоймады. Өйткені спорттық ғылымды қалыптастыру процесі тығыз түрде спорттық дайындықтың тәжірибесімен бірге жүретін. Жалпы спорттық ғылым дегеніміз не? Ол түрлі ілім саласының мамандары шешетін жалпы тәжірибелік міндеттермен бірлескен спорт туралы ғылымдар кешені.

Салалық ғылымның дамуын тежеуші проблеманың бірі, спорттық федерациялардың спорттық дайындық тәжірибесінде ғылыми зерттеулер нәтижелерін қолдануға қызығушылық танытпауы болып табылады. Біз қазіргі кезеңде әлеуетті тапсырыс берушілерді өзіміздің ұсыныстарымызбен қызықтыра алмай келеміз. Мұнда ең алдымен айтарлық нәрсе, отандық ғылымға кері әсер етуші негативті процестер терең сипатқа ие болып отыр. Ал оның ішінде ғылымға соққы берген ең күшті фактор, ол бюджеттік қаржыландырудың күрт қысқаруы болып саналады.

Спорт ғылымын қаржыландырудың болмауы заманауи құрылғылар мен техникаларды алуға мүмкіндік бермейді. Бұл мәселе объективті түрде ғылыми-зерттеу қызметінің құрылымында эксперименттік зерттеулердің үлес салмағы-

ның төмендеуіне алып келеді. Әлем бойынша заманауи ғылыми приборлар мен құрылғыларды қолдана отырып эксперименттік мәліметтерді тиынақты түрде талдаумен байланысты жұмыстардың үлес салмағы айтарлықтай ұлғайып жатқанда, біздің елімізде объективті себептерге байланысты мұндай жұмыстар тоқтатылуда.

Ғылым қоғамның асырандысы емес, ол жаңа технологияларды жеткізуші, оның көмегімен ел экономикасы қарқынды түрде дамиды. Осы жерде кішкене ғана мысал келтіре кетсек, мәселенің UEFA-ның Конвенцияға мүшелікті қайта бекіту жөнінде қорытынды беретін сауалнамасында ел федерацияларының спорттық университеттермен қарым-қатынасы деген нақты тармақша бар [4]. Осыған сәйкес, UEFA-ның Білім және ғылым жөніндегі жауапты қызметкері Френк Людольф, тек спорт және туризм академиясының жұмысын ғана тексеріп қоймай, онымен бірге ҚазСТА Спорт ҒЗИ-дың да жұмысымен танысты. Ал біз болсақ осы уақытқа дейін қанша талпынсақ та ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдерінің назарынан тыс қалып келеміз.

Ғылыми зерттеу құрылымында жаңа идеяларды эксперименталдық апробациялау мүмкіндігінсіз жалпытеориялық және методологиялық жаққа қарай теңдіктің бұзылуы, болашақта отандық спорт ғылымының қол жеткізген көптеген позицияларын жоғалтуға алып келуі мүмкін. Мәселен, ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 42-бабында спорт саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды орны туралы нақты айқындалған, ал 1 және 24-баптарында ғылым түсінігі мен оның қаржыландыру мәселелері туралы жақсы түсінік берілген «Дене шынықтыру және спорт туралы ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-Ү Заңы [5].

Бүгінгі таңда спорт ғылымының ахуалы сипаттамаларды тұжырымдаушы жұмыстардың қысқаруымен, эксперименталдық жұмыстардың тарылуымен, ғылыми мектептердің жойылуымен, тақырыптардың ұсақтануы және дезинтеграциялық процестермен сипатталап отыр. Спорт ғылымының негізін құраушы көпжылдық зерттеулер, қазіргі жағдайда даму мүмкіндігінен тыс қалып отыр, олар дей тұрғанмен тұрақты қаржыландыруды, ғылыми мектептер мен бағыттарды қалыптастыру үшін жас ғалымдардың ағыла тартылуын талап етеді [6]. Мұндай базалық құрылымдар тұрақсыз қаржыландыру жағдайында өте әлсіз болып келеді. Сондықтан қазіргі кездің өзінде спорт биохимиясы, биомеханикасы, физиологиясы,

психологиясы сияқты басқа да негізгі бағыттарда зерттеулер жетімсіздігі қатты байқалады.

**Қорытынды.** Біздің бүгінгі күні жоғалтып алған нәрселерімізді есепке ала отырып, тікелей ғылыми зерттеулер жүргізетін көптеген ғылыми салалар ғылыми мәселелерді шешуде білімі мен тәжірибесі бар мамандарды тарту бойынша іс-шараларды қарастырулары тиіс. Ол үшін ғылыми-зерттеу жұмысына қай жағынан болса да спортшылар дайындығымен байланысты салалық ҒЗИ-дың ғылыми қызметкерлерін тартқан абзал. Сонымен бірге келесідей маңызды мәселелерді шешіп, жүзеге асыру керек:

– заманауи ғылыми-зерттеу құрылғыларын алуға мақсатты бағытталған бюджеттік қаржы бөлу;

– Ұлттық дене шынықтыру және спорт ҒЗИ құру;

– ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанынан спорт ғылымын дамыту бойынша түр-

лі ғылыми салалардан мамандарды топтастырушы ғылыми-әдістемелік кеңесті қайта жандандыру;

– жыл сайын ең үздік ғылыми жұмысқа республикалық байқау өткізу;

– спорт ғылымында жұмыс жасаушы жас ғалымдарды қолдаудың арнайы бағдарламасын жасау және басқа.

Аталған мәселелерді жүзеге асыру үшін, Қазақстан Республикасында заңнамалық база мен спорттық индустрияны қайта қарау туралы Үкіметтің тиісті қаулысын қабылдау қажет, онда қазақстандық құрамалардың негізгі құрамдары мен спорттық резервті ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз етуді міндетті түрде қаржыландыру мәселесі көрініс табуы керек. Оның көлемі Олимпиада ойындарына елдің құрама командаларын дайындау үшін бөлінетін жалпы соманың 10 процентінен кем болмауы тиіс.

#### Әдебиеттер

- 1 Матушак П.Ф. Спортсмены Казахстана на вершине Олимпа: Спортивная слава Республики Казахстан. – Алматы: «Рауан», 1997. – 224 с.
- 2 Доскараев Б.М., Хайдаров Х.С., Есенбек Р.Р. Қазақстан спортшыларын дайындауда ғалымдар мен олардың еңбектерінің тарихи рөлі // Вестник физической культуры. – Алматы, 2012. – № 1. – С.78-81.
- 3 КазАСТ. 70 Колыбель спортивных кадров / Гл.ред. К.К. Закирянов – Алматы, 2016. – 505 с.
- 4 Конвенция UEFA, раздел тренерского образования. – Лозанна, 2017.
- 5 Дене шынықтыру және спорт туралы ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-Ү Заңы (01.04.2019 ж. өзгерістермен және толықтырулармен)».
- 6 Доскараев Б.М., Хайдаров Х.С., Есенбек Р.Р. Қазақстандағы спорт ғылымын дамыту мәселелері // Теория и методика физической культуры. – 2012. – №1. – С.5–9.

**Дошыбеков А.Б., Ерданова Г.С., Катчибаева А.С.**

Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

**БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГЫНЫҢ  
ИМИДЖІНІҢ МАЗМҰНДЫ СИПАТТАМАСЫ**Дошыбеков Айдын Багдатович, Ерданова Гульшырын Серикбаевна,  
Катчибаева Айнур Сарсенгалиевна**Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің мазмұнды сипаттамасы**

**Аңдатпа.** Мақалада авторлар болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің сипаттамасын анықтауға тырысқан. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «имидж» ұғымының мәнін жан-жақты қарастырып, анықтайды. Зерттеушілер имиджді құрастұрушы компоненттерді анықтауға тырысқан. Ғылымның әр түрлі салаларында қабылданған «имидж» ұғымының түсінігін салыстыра отырып, оның қазіргі анықтамалары бір-бірінен алшақ әрі түрлі мағынада деген қорытынды жасауға болады. Мақалада әр түрлі сала бойынша имидж мәселесімен жүргізілген зерттеулер мен ғалымдар қарастырылады. Педагогика саласы бойынша маман имиджінің негізгі құрастырушыларын Т.В. Воробьева, Ю.И. Матюшина өз еңбектерінде аудармашы іс-әрекетіндегі имидж ерекшеліктерін қарастырған, жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби имиджін Ю.Ю. Сысоева, О.О. Елисеева психолог имиджінің компоненттерін, В.Г. Купцова болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігінің ерекшеліктерін ашып көрсеткені анықталады. Сонымен бірге ғалымдар, позитивті кәсіби имиджді табысты қалыптастыруға септігін тигізетін сапалар тобын анықтаған.

**Түйін сөздер:** болашақ дене мәдениеті педагогы, имидж, сипаттама, құрылымы, бағыттары, бейне.

Doshybekov Aydin, Erdanova Gulshirin, Katchibaeva Ainur

**Content characteristics of the future teachers' image in physical culture**

**Abstract.** In the article, the authors tried to characterize the image of the future teacher in physical culture. The essence of the concept of "image" is defined on the basis of the analysis of scientific and pedagogical literature. The researchers tried to determine the main components of the image. The authors compared the essential characteristics of the concept of "image", as in different fields of science, scientists defined its meaning and content in different ways, emphasizing the originality of the image. The article identifies the research and scientists who involved in the image problem in various fields of science. For example, the main components of the image of a specialist in the field of pedagogy are revealed by T.V. Vorobyova, Yu.I. Matyushina and they focus on the originality of the image of a translator, Yu.Yu. Sysoeva tried to reveal the features of the professional image of a university teacher, O.O. Eliseeva revealed the composing components of the image of a psychologist, and the features of the image competence of the future physical education teacher were identified in the works of V.G. Kuptsova. At the same time, scientists have tried to identify a group of qualities that affect the formation of a positive professional image of a specialist.

**Key words:** future teacher of physical culture, image, characteristics, structure, direction, image.

Дошыбеков Айдын Багдатович, Ерданова Гульшырын Серикбаевна, Катчибаева Айнур  
Сарсенгалиевна**Содержательная характеристика имиджа будущих педагогов физической культуры**

**Аннотация.** В статье авторы попытались охарактеризовать имидж будущего педагога физической культуры. На основе анализа научно-педагогической литературы определена сущность понятия «имидж». Исследователи попытались определить основные составляющие компонента имиджа. Авторы в сравнении рассматривали сущностную характеристику понятия «имидж», так как в разных областях науки ученые по-разному определяли его значение и содержание, выделяя своеобразие имиджа. В статье говорится об исследованиях и ученых, занимавшихся проблемой имиджа в разных сферах науки. К примеру, основные компоненты имиджа специалиста в области педагогики раскрывает Т.В. Воробьева. Ю.И. Матюшина акцентирует внимание на своеобразии имиджа переводчика, Ю.Ю. Сысоева попыталась раскрыть особенности профессионального имиджа преподавателя вуза, О.О. Елисеева раскрыла составляющие компоненты имиджа психолога, а особенности имиджевой компетентности будущего педагога физической культуры определила в своих работах В.Г. Купцова. В тоже время ученые попытались определить группу качеств, влияющих на формирование позитивного профессионального имиджа специалиста.

**Ключевые слова:** будущий педагог физической культуры, имидж, характеристика, структура, направления, образ.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда егер мұғалім өзінің қызметі мен жеке тұлғасына қоғамның жаңа талаптарын түсініп, қабылдаса, мектептің кәсіби дамуы нәтижелі жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жиі кездесетін жәйт педагог, өзінің тар кәсіби немесе ғылыми-пәндік саласында пәндік эрудицияны көрсете отырып, терең педагогикалық даярлығы толық көлемде қалыптаса бермейді, оның кәсіби қызметінде маңыздылығы мен қажеттілігін түсінбейді, аудиторияның бағыты мен сипатына қарай өзінің имиджін басқара алмайды, бұл оған өзінің кәсіби құзыреттілігін барынша тиімді қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Жоғарыда көрсетілген қарама-қайшылықты шешуге болады, егер педагог оң, тиімді имиджді тасымалдаушы болса, педагогикалық өзара іс-әрекеттің әр түрлі жағдайларында өзі туралы әсерді басқара алса, имидждік құзыреттілікке ие болса ғана.

**Зерттеу мақсаты:** ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау негізінде болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің сипаттамасын анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

- «имидж» ұғымының мәнін ашу,
- маманның имиджінің құрылымын нақтылау,

– болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің сипаттамасын анықтау.


**Зерттеудің әдістері:** ғылыми әдебиеттерді талдау, жинақтау, салыстыру.

**Зерттеу нәтижелері:** Ғылыми әдебиетті талдау негізінде біз “имидж” сөзі ағылшын тілінен аударғанда “бейне”, “ореол” деген мағынаны білдіретінін, қоршаған адамдардың санасында бейнені түсіруді көрсететінін анықтадық [1].

Ғалым В.М. Шепель имиджді басшыда адамгершілік қасиеттер мен зиялылықтың болуы ретінде анықтайды [2]. Басқа авторлар имидж туралы түсініктерін абырой, бедел ретінде қарастырады (Веретенникова И.В. және т.б.) [3].

Ғылымның әр түрлі салаларында қабылданған “имидж” ұғымының түсінігін салыстыра отырып, оның қазіргі анықтамалары бір-бірінен алшақ әрі түрлі мағынада деген қорытынды жасауға болады: Е.В. Змановская бұл феноменді “тұрақты стереотип нысанын қабылдайтын бір дененің эмоционалды боялған көпшілік бейнесі” ретінде анықтайды [4]; Е.А. Петрова – “бейне – күрделі және белгілі бір өзара әрекетте объектінің сыртқы және ішкі сипаттамалары қосылатын көрініс” деп түсіндіреді [5].

«Имидж» ұғымы туралы ғалымдардың зерттеулеріндегі түсініктерді біз топтастырып төменде суретте көрсетуге тырыстық (1-сурет).



1-сурет – «Имидж» ұғымы туралы ғалымдардың зерттеулеріндегі түсініктер

Көптеген анықтамалар белгілі бір функцияларды орындайтын бейнеге негізделеді. Бейне адамның түсінігінде объектіні қабылдау

негізінде ақпаратты қысу болатын, оның тұтас, жалпыланған бейнесі қалыптасатын қандай да бір объективті құбылыстың психикалық көрі-


нісінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді саралау барысында, имидждің мазмұнын ашу да әртүрлі тәсілдерді талдау арқылы имиджді қалыптастыру мен қабылдауды айқындайтын сапалардың үш тобын анықтадық (2-сурет).

Бірінші топқа: коммуникабельділік (адамдармен оңай араласу қабілеті), эмпатия (жанасу қабілеті), рефлексивтілік (басқа адамды түсіну қабілеті), айқындылық (сөзбен әсер ету қабілеті) кірді. Осы қабілеттерге ие болу және оларды дамытуда тұрақты жаттығулар – имиджді табысты жасаудың кепілі. Екінші топқа білім беру мен тәрбиенің салдары ретінде тұлғаның сипаттамасы кіреді: адамгершілік құндылықтар, психикалық денсаулық. Үшінші топқа индивидтің жеке қасиеттері жатады, олардың генезисі тұлғаның өмірлік және кәсіби тәжірибесімен байланысты.


Сонымен қатар, тәжірибелік психологтар өз зерттеулерінде көбінесе имиджді үш бағытта көрсетеді: дене имиджі – денсаулық, киім стилі, шаш және макияж; психологиялық имидж – мінез-құлық, темперамент, ішкі әлем; әлеуметтік имидж қоғамдағы рөлі, мінез-құлық және коммуникативтік ерекшеліктері. Аталмыш үш бағытты біз төменде 3-суретте көрсетуге тырыстық.

Бұл бағыттар бір-бірімен тығыз байланысып, біртұтастықты құрайды. Педагогтың позитивті жеке дара имиджі, мысалы, осы көзқарас тұрғысынан – бұл білім беру процесіне қатысушылармен субъектілік қарым-қатынас жасауға ниет пен қабілетін көрсетуге арналған сыртқы және ішкі жеке, жеке, кәсіби қасиеттердің жиынтығы.

Ол төрт кезеңде қалыптасатын сыртқы, ішкі және әлеуметтік құрамдас бөліктерді қамтиды: мотивациялық, когнитивті, аффективті және мінез-құлық.



2-сурет – Имидж сипатындағы сапалар топтамасы



3-сурет – Тәжірибелік психологтар бойынша имидждің негізгі бағыттары

Біздің зерттеу саламыздағы еңбектер талдауы көрсеткендей, ғалымдар түрлі маман иелерінің имиджінің құрамдас бөліктерінің ерекшеліктерін ашып анықтай білген. Төмендегі суретте сала бойынша зерттеуші ғалымдарды көрсетуге тырыстық (4-сурет).

Мысалға, педагогика саласындағы маман имиджінің негізгі құрастырушыларын Т.В. Воробьева былай көрсете білген:

- сыртқы бейне;
- қарым-қатынасқа түсудің вербалды және вербалды емес құралдарын пайдалану;

- мамандық бейнесіне ішкі сәйкестік;
- тұлғалық сапалар;
- кәсіби дағдылар [6].

Зерттеуші Ю.И. Матюшина өз еңбектерінде аудармашы іс-әрекетінің ерекшеліктерін қарастыра отырып, имиджді қалыптастырушы компоненттер ретінде аталмыш

саланың кәсіпқойларын атайды және оның құраушыларына лингвистикалық интеллект, эмоциялық интеллект, сөйлеу мәдениеті, іскерлік этикет білімі және сыртқы түрі, аудармашы кәсіби қызметінің жағдайы, орны мен уақытына сәйкес келетіндігін анықтайды [7].



4-сурет – Түрлі салалар бойынша имидждің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар

Ю.Ю. Сысоева өзіне дейін жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, имидждің келесідей компоненттерін атап өтеді: ішкі өзегі (құндылықтар, құнды ұстанымдар) және сыртқы құрамдас бөліктеріне (кинесика, сыртқы түрдің эстетикасы, мінез-құлық, мәнерлер), қоғамда тұлғаның өзін-өзі көрсету тәсілі [8].

О.О. Елисева психолог имиджінің келесідей компоненттерін қарастырады: психологтың сыртқы келбеті (габитус, экспрессивті мінез-құлық, дауыс); адамның иістері және әлеуметтік рәсімделуі (киім және аксессуарлар); пәндік орта (қабылдау аясы); психологтың жеке-психологиялық ерекшеліктері; психологтың кәсіби қарым-қатынасының ерекшеліктері; психологтың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері [9].

В.Г. Купцова болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігінің ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, имидждің келесі мәндік сипаттамаларын бөліп анықтады: көрсетілген объектінің тұтастығы, жеке дараланған көрінісі,

икемділік, белсенділік, диалогтік, валенттілік, символдық табиғат [10].

Имидж мәселесін алғаш зерттегендердің бірі – Ресей ғалымы В.М. Шепель. Ол позитивті кәсіби имиджді табысты қалыптастыруға септігін тигізетін сапалар тобын анықтаған [2, б. 10].

Бірінші топ – “басқа адамдарға ұнай білу” (адамның басқа адамдармен қарым-қатынас орнатудағы қабілетін анықтайтын коммуникативтік сипаттамалары; басқа адамды түсініп, қарым-қатынас жасай білу).

Екінші топ – білім беру мен тәрбиелеу тұрғысынан жеке тұлғаны сипаттайтын қасиеттер (моральдық құндылықтар, психологиялық денсаулық, күйзеліске төзімділік, жанжалды жағдайларды тудырмай және шебер шеше білу).

Үшінші топ – кәсіби және өмірлік тәжірибе және тұлғаның түсінігі.

Педагог үшін имидж кез келген басқа маманға қарағанда ерекше дәрежеде маңызды.

Дәл осы имидж білім алушылардың түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтарын қалыптастыруға әсер етеді.

Әдебиеттерді саралау барысында біз болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің төмендегідей құрылымын анықтадық (5-сурет).



5-сурет – Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің құрылымы

Сонымен, педагогтың орналасуын, ашықтығын, тілектестігін көрсететін позитивті имиджі психологиялық жайлылықты, өзара түсіністікті құруға ықпал етеді, жақсы көңіл-күй, сенім, жана жұмыс істеуге және үйренуге деген ықыласты тудырады. Ол арқылы білім беру процесінің барлық қатысушыларының іс-әрекеттері мен психикалық жағдайларын үйлестіру, оларды зияткерлік-эмоционалдық ортақтыққа біріктіру мүмкін болады.

Болашақ педагогтың имиджі сыртқы және ішкі жеке, жеке тұлғалық, жеке қасиеттерінің жиынтығын қалыптастыруға оң әсер етеді, сондай-ақ педагогикалық қызметтің тиімділігіне ықпал етеді.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандарды зерделей келе, біздің ойымызша, педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыратын маңызды сұранысқа ие кәсіби сапа әрбір педагогтың

маңызды құзыреттілігі ретінде кәсіби имиджді ашып көрсетеміз. Кәсіби имиджді қалыптастыру қиын процесс, сондай-ақ ол маманның өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту нәтижесі болып табылады.

Имидж – адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектесетін құрал, ал педагог имиджі – білім алушылардың, әріптестердің, әлеуметтік ортаның көріністерінде қалыптасқан бейненің стереотипі. Тұлғалық-педагогикалық имиджді және педагогикалық қызметтің жеке стилін дамытуда тұлғалық имидждің қалыптасуы басым болып саналады.

Имидж адамның сыртқы бейнесімен де, оның ішкі мазмұнымен де байланысты, демек, имидждің қалыптасуы үшін, бейненің сипаттамаларын жеткіліксіз қабылдау үшін, өйткені осы бейнеге белгілі бір көзқарас, пікір және белгілі бір баға туындауы тиіс.

## Әдебиеттер

- 1 Вишнякова, М. Концепция формирования имиджа компании (общий подход и рекомендации) // Маркетинг. – 2013. – С. 45.
- 2 Шепель В.М. Имиджология: секреты личного обаяния. – М.: Народное образование, 2002. – 576 с.
- 3 Веретенникова И.В. Влияние имиджа человека на деловые отношения в организации : дисс. ... канд. психол. наук / И.В. Веретенникова. – М., 2001. – 159 с.
- 4 Змановская Е.В. Руководство по управлению личным имиджем. – СПб.: Речь, 2005. – 144 с.
- 5 Петрова Е.А. Имидж и его изучение в современной науке // Известия Академии имидж-логии. Т. 1 / под ред. Е.А. Петровой. – М.: РИЦ АИМ, 2005. – С. 11-14.

- 6 Воробьева Т.В. Имидж преподавателя технического вуза и его составляющие [Текст] / Т. В. Воробьева // Педагогика и современность. – 2014. – Т. 1. – № 1-1. – С. 152-155.
- 7 Матюшина Ю.И. Формирование профессионального имиджа у будущего переводчика: дисс. ... канд. пед. наук: 13.00.08 / Рос. гос. ун-т им. Иммануила Канта]. – Калининград, 2010. – 194 с.
- 8 Сысоева Ю.Ю. Технология формирования имиджа преподавателя вуза // Вестник Самарского университета, №1 (82) 2011. – С. 220-226.
- 9 Елисеева О.О. Профессиональный имидж психолога-консультанта // Преподаватель XXI века, №2, 2011. – С.332-338.
- 10 Купцова В.Г. Формирование имиджевой компетентности у будущего педагога физической культуры: учеб-метод. пособие / В.Г. Купцова. – Магнитогорск: МаГУ, 2008. – 132 с.



Сырлыбаев С. К., Искаков Т. Б.

Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы

## КОМПЕТЕНТНОСТЬ СПОРТИВНОГО МЕНЕДЖЕРА В УСЛОВИЯХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Сырлыбаев Сағат Қадырович, Искаков Тайыржан Бахытбаевич

**Компетентность спортивного менеджера в условиях социально-экономического развития Республики Казахстан**

1-сурет – Бірінші курс студенттерінің дене шынықтыру дайындығы көрсеткіші бойынша деңгейлерге бөлінуі (қыздар) (%)

4-кесте – Бірінші курс студенттерінің дене дамуының деңгейлері бойынша бөлінуі (қыздар) (%)


Деңгейі	Дене ұзындығы	Дене массасы	Кетле индексі	Эрисман индексі	Тыныс алуда дем ұстау	Тыныс шығаруда дем ұстау	Жүрек соғуының жиілігі
Төмен	13,1	19	18,6	14,2	13,1	6,5	12,1
Ортадан төмен	12,5	11,8	15,4	13,2	24,3	23,6	13,6
Орташа	49,3	30,2	52,4	56,2	32,8	33,4	54,9
Ортадан жоғары	15,1	29,8	10,5	11,4	20,4	21,8	15,6
Жоғары	10,0	9,2	3,1	5	9,4	14,6	3,8

«Ортадан жоғары» және «жоғары» деңгейлі топтарға студенттердің аз саны жататыны назар аудартады. «Ортадан жоғары» топқа – 2,1-ден 12,5 % дейін және «жоғары» топқа – 1-ден 6,1 % дейін.

2 курс қыздары арасында 1 курспен салыстырғанда дене дамуының көрсеткіштері бойынша көп пайызы «төмен» және «ортадан төмен» топтарға жататыны байқалады. Егер 1 курста «төменгі деңгей» бойынша нәтижелер аралы-

ғы 10,5-12,6 % және «ортадан төмен деңгей» бойынша – 11,8-30,2% құраса, ал екінші курста «төмен деңгей» – 11,8-16,4% және «орта деңгей» 13,1-31,2% құрайды. Сонымен қатар 2 курста «ортадан жоғары» (0,8-ден 10,4 дейін) және «жоғары» (0,6-дан 3,5% дейін 1-6,1 % орнына) топтарда студенттердің аз болатыны байқалады. 1 курс студенттерін тексерулер арасында студенттердің көп бөлігі «орта деңгейге» келесі көрсеткіштер бойынша кіреді: «орнынан ұзындыққа секіру» (62,3 %), «секіргішпен секіру» (67,9 %) және «жатқан күйде қолды жазып-бүгу» (59,1 %). Екінші курста үлкен мәндер «секіргішпен секіру» (67,2 %), «жатқан күйде қолды жазып-бүгу» (61,2 %) және «кеудені көтеріп-түсіру» (60,2 %) көрсеткіштері бойынша байқалады.

нттердің көп бөлігі «орта деңгейге» келесі көрсеткіштер бойынша кіреді: «орнынан ұзындыққа секіру» (62,3 %), «секіргішпен секіру» (67,9 %) және «жатқан күйде қолды жазып-бүгу» (59,1 %). Екінші курста үлкен мәндер «секіргішпен секіру» (67,2 %), «жатқан күйде қолды жазып-бүгу» (61,2 %) және «кеудені көтеріп-түсіру» (60,2 %) көрсеткіштері бойынша байқалады.



2-сурет – Бірінші курс студенттерінің дене дамуының деңгейлері бойынша бөлінуі (қыздар) (%)

1 және 2 курс ер балаларында дене шынықтыру дайындығының деңгейлері бойынша бөлінуде де ұқсас тенденциялар байқалады. 1 және 2 курстарда студенттердің көп бөлігі «орта» топқа жатқызылды: 1 курс – 54,2 ден 62,9 % дейін және 2 курс – 54,8-ден 65,2 % дейін. 2 курста студенттердің көп бөлігі «төмен» топқа жатқызылды (12,9-17,6% орнына 14,8-18,2 %) «ортадан төмен» (14,4-22,3 % орнына 14,9-28,1 %). Сонымен қатар «ортадан жоғары» топқа 2 курс ер балаларының аз енгізілгені байқалады (1-4,2 % орнына 1-3,1%) және «жоғары» топта (0,9 – 3 % орнына 0,8-2,5%).

Осылайша жоғарыда келтірілген мәліметтер 2 курстың қыздары да, ер балалары да дене шынықтыру дайындығының көрсеткіштері бойынша 1 курс студенттерінің деңгейлерінен қалып қоятындығын көрсетеді.

Студент-қыздардың дене дамуы көрсеткіштерінің деңгейлері бойынша бөлінуі мәліметтерін салыстырмалы талдау келесідей салыс-

тырмалы тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші курс қыздары толығымен «орта», «ортадан жоғары» және «жоғары» топтарды толтыруы бойынша салыстырмалы жоғары нәтижелерге ие болды. Мысалы, «орта» деңгейде – 33,4-56,2 % орнына 34,2-59,2 %; «ортадан жоғары» деңгей бойынша – 10,5-29,8% орнына 12,6-32,6% және «жоғары» деңгей бойынша – 3,1 – 14,6% орнына 5,2-15,1 %.

1 курс қыздарында дене дамуының деңгей көрсеткіштері арасында «тыныс алғанда демді ұстау» (Штанге үлгісі) және «тыныс шығарғанда демді ұстау» (Генче үлгісі) ерекше бөлінді. Себебі бұл жерде «ортадан жоғары» (20,4 және 21 %; 23,2 және 24,3%) және «жоғары» (9,4 және 14,6%; 27,5 және 35,4 %) топтарға жатқызылған студенттер құрамының жоғары пайызы байқалады.

Қыздар арасында дене дамуының деңгейлері бойынша көрсеткіштер бойынша «төменгі»

деңгейге 18,6% студент, дене массасы бойынша 19% студент жатқызылды. «Орта» деңгей бойынша төмен мәндер «дене массасы» бойынша – 30,2 %, «тыныс алуда демді ұстау» – 32,8% және шығаруда – 33,4 байқалды. 2 курс студенттерінде «орта» деңгей бойынша төмен мәндер «дене массасы» бойынша – 36,4 %, «тыныс алуда демді ұстау» – 38,6% және шығаруда – 34,2%.

1 және 2 курс ер балаларын деңгейлер бойынша бөлуде ұқсас тенденциялар байқалады. 2 курс ер балалары «орта», «ортадан жоғары» және «жоғары» топтарға бөлінуі бойынша 1 курс студенттерінен салыстырмалы озып кетті. Мысалы, дене дамуының көрсеткіштері бойынша «орта» деңгей 39,8-53,4 % (35,1 -51,8% орнына); «ортадан жоғары» – 9,1-20,5 % (8,2-19,4 % орнына); «жоғары» деңгей – 6,1-29 % (4,8-28,4% орнына) құрайды.

Ер балаларда дене дамуының көрсеткіштері арасында жақсы нәтижелер «тыныс алуда демді ұстау» және «дем шығаруда», сонымен қатар жүрек соғысының жиілігі бойынша байқалады. Мысалы, «тыныс алуда демді ұстауда» «жоғары» деңгейге бірінші курс студенттерінің 27,5% және 28,4 %; 2 курстан – 28,6 және 29 %; «тыныс шығаруда демді ұстау» бойынша – 28,4 және 29 %; ЖСЖ – «жоғары» деңгейге – 18,5 және 19 % жатқызылды.

1 курс ер балаларында «төмен» деңгейлі топқа «Кетле индексі» бойынша байқалады – 19,1%. «Орта» деңгейге «дене массасы» бойынша – 36,3 %; «тыныс алуда демді ұстау» – 35,1 %, «тыныс шығаруда демді ұстау» – 38,9 %; ЖСЖ – 38,9%.

2 курс ер балаларында «орта» деңгей бойынша төмен шамалар мына көрсеткіштерде байқалады «дене массасы» 39,8%, «тыныс алудағы демді ұстау» – 40,4 %, «тыныс шығаруда демді ұстау» – 41,6 %; ЖСЖ – 40,6 %.

2 курс қыздары мен ер балаларының дене дамуының көрсеткіштері бойынша 1 курс студенттерінен салыстырмалы алда болады, мұны олардың «орта», «ортадан жоғары» және «жоғары» топтарға жоғары нәтижелермен түсуі көрсетеді.

### Қорытынды:

1. Студенттердің дене шынықтыру дайындығы мен дене дамуын бағалау шкалаларын жасау мәселесінің теориялық аспектілері келесідей болып табылады:

– студенттердің дене шынықтыру дайындығы мен дене дамуын бағалау үшін қолдану керек: регрессионды және сигма тәрізді бағалау шкаласы; типологиялық шкалалар; 10 балдық шкалалар; көрсеткіштерді антропометриялық аймақтарға бөлу; морфофункционалды жағдай стандарттарының кестесі (көп факторлы центильді талдау негізінде);

– дене шынықтыру дайындығының келешек көрсеткіштері ретінде «жақын даму аймағы» және «соматикалық дамудың жеке моделі»;

– сынақ нормативтерін жүргізу әдістемесі соматотип ерекшелігіне және бұлшықеттің жұмысқа қабілеттілігі типін ескере отырып жасалуы керек;

2. 1 және 2 курс студенттерінің дене шынықтыру дайындығы мен дене дамуын бағалау шкалалары жасалды. Олар студенттерді бес деңгейге бөлуге мүмкіндік береді: төмен, ортадан төмен, орташа, ортадан жоғары, жоғары.

3. Студенттерді дене шынықтыру дайындығы мен дене дамуының деңгейлері бойынша бөлу белгілі бір тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

а) Дене шынықтыру дайындығының деңгейлері бойынша төмен нәтижелер байқалды:

– қыздарда: «орнынан ұзындыққа секіру» көрсеткіші бойынша (2 курс), «6 минут жүгіру» (1 курс); ер балаларда: «тартылуда», «орнынан ұзындыққа секіру»

б) Дене дамуының деңгейлері бойынша төмен нәтижелер байқалды:

Қыздарда: «дене массасы», «тыныс алуда демді ұстау», «тыныс шығаруда демді ұстау» көрсеткіштері бойынша; ер балаларда: «Кетле индексі», «дене массасы», «тыныс алуда демді ұстау», «тыныс шығаруда демді ұстау», «жүрек соғысының жиілігі» көрсеткіштері бойынша байқалады.

### Әдебиеттер

- 1 Феофилактов В.В. Сравнительный анализ инновационных технологий физической подготовки студентов гуманитарных вузов на основе мониторинга физического развития: автореф. дис...к.п.н.– 13.00.04. – М., 2005. – 23 с.
- 2 Гладенкова В.П. Индивидуализация физической подготовки студентов технического университета на основе конституциональной идентификации: автореф. дис...к.п.н.– 13.00.04 – Астрахань, 2009. – 24 с.
- 3 Черенко В.А. Физическое воспитание студентов вузов Республики Беларусь на основе рационального распределения средств подготовки из разных видов спорта в течение учебного года: автореф. дис...к.п.н.– 13.00.04 – М., 2011. – 24 с.

- 4 Останигрош Н. М. Совершенствование методики педагогического контроля за физическим развитием и физической подготовленностью студентов: автореф. дис. . . . к.п.н.– 13.00.04. – Харьков, 1984. – 23 с.
- 5 Соколов А. С. Управление физической подготовкой студентов на основе системы автоматизированного динамического контроля: автореф. дис. . . . к.п.н.– 13.00.04. – Краснодар, 2008. – 24 с.
- 6 Баламутова Н.М., Брусник В.В. Совершенствование методики педагогического контроля физического развития студентов// [sombrefermata@gmail.com](mailto:sombrefermata@gmail.com)
- 7 Шкляр А. Л. Типологические особенности физического развития и функционального состояния студентов медицинского вуза в динамике лет обучения: автореф. дис. . . . к.мед.н. – 03.00.13. – Волгоград, 2006. – 23 с.
- 8 Щедрина А.Г., Сотникова О.С. Сомато-типологический подход в оценке физической подготовленности студентов // Сибирский педагогический журнал. – 20102. – № 9. – С. 55-58.
- 9 Физическая культура. Типовая учебная программа по дисциплине «Физическая культура» / КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы, 2014. – 104 с.
- 10 Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорта: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 264 с.
- 11 Ланда Б.Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности: учебное пособие. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Советский спорт, 2006. – 208 с.

МРНТИ 77.29.30

Кудериев Ж.К.

Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы

## КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ В СИСТЕМЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Кудериев Жанибек Калбекович

**Казахские национальные игры в системе физического воспитания**

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности казахских национальных игр, зависящих от этнических установок, обычаев и традиций народа. Также, изложены некоторые факты исследования зарубежными учеными по истории возникновения и развития казахских национальных игр, их связь с культурой, бытом, традициями и обычаями народа. В статье, кроме того, раскрыты методы определения степени подготовки системы физического воспитания с использованием казахских национальных игр. Для этой цели школьники старших классов были распределены на группы по уровню интереса к национальным играм. Даны результаты тест-опросника по физической культуре, целью которой является анализ индивидуальных особенностей установок физической культуры школьников. Также в статье даны результаты исследования по выявлению влияния индивидуальных особенностей преподавателя по физическому воспитанию на построение личной оздоровительной перспективы школьников.

**Ключевые слова:** казахские национальные игры, этнические установки, обычай, традиция народа, индивидуальные особенности преподавателя, физическое воспитание, оздоровительная перспектива.

Kuderiev Zhanibek

**There is the Kazakh national playing the system of physical education**

**Abstract.** The features of the Kazakh national games, related to the ethnic options, customs and traditions of people, are examined in the article. Also, some facts of research are expounded by foreign scientists history of origin and development of the Kazakh national games, their connection with a culture, way of life, traditions and customs of people. In the article in addition, the methods of determination of level of organization of the system of physical education are exposed on the basis of the Kazakh national games. For this purpose, distribution of groups of senior schoolchildren is conducted on the levels of formed of interest in the Kazakh national games. The results of test-questionnaire are given on a physical culture the aim of that is an analysis of individual features of options of physical culture of schoolchildren. Also in the article research results are given on the exposure of influence of individual features of teacher on physical education on the construction of the personal health prospect of schoolchildren.

**Key words:** kazakh national games, ethnic options, custom, tradition of people, individual features of teacher, physical education, health prospect.

Кудериев Жанибек Калбекович

**Қазақтың ұлттық ойындары дене тәрбиелеу жүйесінде**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақтың ұлттық ойындарының этникалық ұстанымдармен, халықтың салт-дәстүрлерімен тікелей байланысының ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада қазақтың ұлттық ойындарының тарихы мен даму кезеңдерін, олардың халықтың мәдениетімен, тұрмысымен және салт-дәстүрлерімен байланысын зерттеген шетелдік ғалымдардың мәліметтері жайлы сөз қозғалған. Сондай-ақ, мақалада қазақтың ұлттық ойындарының негізінде, дене тәрбиелеу жүйесін ұйымдастыру деңгейін анықтау әдістемелері ашылған. Осы мақсатта, жоғары сынып оқушыларынан құрылған топтар, қазақтың ұлттық ойындарына қызығушылығы қалыптасу деңгейіне қарай бөлу жүргізілді. Оқушылардың, дене шынықтыруға ұстанымының жеке ерекшеліктерін сараптау мақсатында жүргізілген сынақ-сауалнаманың нәтижелері берілген. Мақалада сонымен қатар, оқушылардың жекелік сауықтыру мүмкіндігін арттыруға, дене тәрбиесі мұғалімінің жекелік ерекшеліктерінің әсерін анықтау жөнінде өткізген зерттеулердің нәтижелері де көрсетілген.

**Түйін сөздер:** қазақтың ұлттық ойындары, этникалық ұстанымдар, халықтың салты, дәстүрі, мұғалімнің жекелік ерекшеліктері, дене тәрбиесі, сауықтыру мүмкіндігі.



**Введение.** Казахские национальные праздники сопровождались развлечениями и состязаниями, которые обычно проводились организованно, регламент выдерживался обычным правом и этническими установками, закрепленными в обычаях и традициях народа. Все участники заранее знали программу выступлений, предназначенных для каждого торжества. Игры начинались сразу после жеребьевки [1].

Содержание казахских народных игр изучали зарубежные ученые-этнографы, историки, путешественники в дореволюционном Казахстане (А. Гумбольдт, А. Янушкевич, Т. Аткинсон, А.А. Диваев). Они старались описать как можно больше народных игр казахов, ознакомиться с правилами, выделяли национальный колорит, оригинальность самовыражения людей, своеобразие языка, формы и содержания разговорных текстов. Мысль о том, что в национальной культуре наибольшей устойчивостью отличаются формы различных видов творчества, к которому относятся подвижные игры, танцы, пляски, корнями уходящие вглубь веков, прослеживается во всех исследованиях [2]. Их характеризует национальная специфика, отражает совокупность тех явлений, которые окружают жизнь этого народа. Например, А. Гумбольдт, описывая жизнь и быт казахов-кочевников, их обычаи и традиции, говорил: «... Время нахождения в ауле считаю самой счастливой порой моей жизни, потому что гостеприимство кочевого народа, оказанное нам, и их игры, развлечения – это такие события, которые никогда не изгладятся из памяти» [3].

Одним из первых исследователей, который собрал большое количество казахских народных игр и высоко оценил их воспитательно-развивающее значение и высказал бесценные воспитательно-педагогические мысли, был этнограф А.А. Диваев. Он писал о том, как стимулируют игры, которые вооружают детские сердца

яркими впечатлениями о действительности окружающей среды и вдохновляют их к творчеству, побуждают к самостоятельности, являющейся началом познавательного процесса [4].

**Методы и организация исследования.** В эксперименте, проведенном совместно с учителем физической культуры, были задействованы 148 школьников старших классов, которые были распределены на две группы: в первую группу (ЭГ, экспериментальная группа) вошли 38 учеников соответственно по школам – 9, 15, 14 детей, вторую группу (КГ, контрольная группа) составили 110 школьников, соответственно по школам – 35, 40, 35 детей, которые ограничились изучением обычной школьной программы.

В ходе исследования были применены следующие методы: теоретический анализ литературных источников, педагогический контроль, контрольные нормативы, анкетный опрос и учет выполнения технических приемов.

Целью исследования является определение роли и места казахских национальных игр в системе физического воспитания.

Для достижения данной цели были решены следующие задачи:

- оценка состояния и уровня организации системы физического воспитания на основе казахских национальных игр;
- организация и проведение исследования по определению у школьников двигательных умений и навыков в соответствующих требованиях казахских национальных игр;
- анализ и проверка результатов исследования.

**Результаты исследования и их обсуждение.** С целью определения проявлений у школьников интереса к национальным играм, умений, знаний, навыков в их использовании самостоятельно, развития нравственных качеств личности школьников, усвоение ими правил проводился педагогический контроль (рисунок 1).




Рисунок 1 – Распределение групп школьников старших классов по уровню интереса к казахским национальным играм (%)

По итогам педагогического контроля можно сделать следующий вывод: выявленные и обоснованные результаты экспериментальных исследований, которые были проведены на занятиях физической культуры, для определения ориентированности школьников на казахские национальные игры, выявили положительное влияние их на формирование самоопределения учеников старших классов, повышает интерес к казахским национальным играм, а работа по формированию интереса к казахским национальным играм в урочное и внеурочное время доставляет им удовлетворение.

Проведен тест-опросник по физической культуре. Целью проведения тест-опросника является анализ особенностей восприятия школьниками физкультурных установок.

Нужно учесть, что физкультурные установки – это рекомендации для личности на понимание и принятие плана и программы самоопределения, возможность выбора планирования личного здоровья.

Процесс вычисления среднего значения был основой для проведения математико-статистической обработки информации результатов диагностики. Сравнение данных личной приспособленности учеников экспериментальной и контрольной групп старшеклассников, которые ограничились прохождением обычной школьной программы, дает основания полагать, что первая группа респондентов более позитивно относится и переживает за свои взаимоотношения со сверстниками (таблица 1).

Таблица 1 – Приспособленность школьников экспериментальной и контрольной групп, ограничившихся прохождением обычной школьной программы (в баллах)

Группы	A	B	C	D
Экспериментальная группа	7	6,2	4,8	4,6
Контрольная группа	6,5	6,1	4,0	3,9

Результаты диагностики свидетельствуют о том, что школьники экспериментальной группы, в отличие от своих сверстников из контрольной группы:

A – в ежедневных отношениях с обществом чувствуют себя уверенней, более активной в социальных отношениях;

B – во взаимоотношениях с другими членами семьи (родители, дедушки, бабушки, братья,

сестры и др.) чувствуют позитивность;

C – наблюдается более позитивное отношение в поведении и взглядах на восприятие мира, лучше воспринимают свои индивидуальные качества и переживания;

D – не переживают от существующих или несуществующих недомоганий и в обществе ощущают комфорт.




Рисунок 2 – Приспособленность школьников экспериментальной и контрольной групп, ограничившихся прохождением обычной школьной программы

Возможность предположения о формировании правильного мировоззрения дает синтез статистических и диагностических показателей, очистка и правильное отношение, восприятие и принятие понятия как частицы своего народа помогают расширению границ самосознания личности на этапе саморазвития и его адекватному приведению к системности, правильно воспринимать смысловой объем и конструктивно оценивать возникающие различные вопросы.

В данной ситуации школьники как экспериментальной, так и контрольной групп достигают примерно одинакового уровня результатов в доброжелательном отношении к другим людям.

Как у учащихся экспериментальной группы, так и у контрольной группы наблюдаются похожие взгляды и отношения к существующим правилам, наблюдается похожее изменение, выражающееся в интересах к казахским национальным играм. Примечательно, что школьники, которые входят в экспериментальную группу в большей степени, чем их одноклассники из контрольной группы, предпочитают независимость общепринятых правил, что определяет область их жизненного самоопределения.

*Уровень компетентности учителя физического воспитания.* Необходимо отметить, что индивидуальные особенности учителя физического воспитания могут сильно влиять на планирование школьниками личного оздоровления в перспективе [5].

Уровень вооружения учителя физического воспитания знаниями по казахским национальным играм складывается из знаний методики, программы по физической культуре, основанных на казахских национальных играх, комплексе знаний об особенностях психологического и физического развития детей школьного возраста, а также понимания особенностей анатомического и физиологического строения организма школьников.

Креативные умения проектировать занятия учителя физического воспитания, профилирующегося по казахским национальным играм, состоят из: планирования работы по обучению и развитию школьников в соответствии с целями воспитания, возрастными и индивидуальными, психолого-физиологическими особенностями; правильного планирования занятий с учетом различных методов и приемов, где в основе

лежат диагностика и анализ; способность оптимально пользоваться средствами наглядности и современные технические средства обучения при проведении мероприятий по физическому воспитанию; умения и навыков использования различных способов и типов составления плана.

Конструктивные качества учителя физического воспитания слагаются из следующих умений: правильного выбора метода и приема работы со школьниками; строгого соблюдения педагогических норм и положений обучения и воспитания школьников; выбора оптимальных видов и форм деятельности; грамотного распределения времени по частям урока; плавных и дидактических переходов от подготовительного этапа занятия к основному, от основного к заключительному, от простого к сложному; строгое соблюдение порядка последовательности, систематичности в процессе развития у школьников физических качеств, умений, навыков.

Организаторские умения и навыки учителя физического воспитания, профилирующегося по национальным играм, состоят из следующих качеств: способность организовать коллектив учеников; возможность использовать разнообразные виды и формы управления коллективом учеников; умение организовать уроки, дополнительные внеурочные занятия, при этом учитывать психолого-физиологическое развитие детского организма, предпочтения детей; умение использовать различные приемы привлечения учеников в различные виды активной двигательной деятельности; способность воспитать у детей самоорганизацию и самостоятельность; умение организовать совместные соревнования и мероприятия для родителей и детей, тренинг для классных руководителей и коллег.

Коммуникативные качества учителя физического воспитания, который профилируется по казахским национальным играм, складываются из: умения оказать моральную поддержку школьнику в нужный момент; способность внушить ученику уверенность в своих возможностях; принципиальность и справедливость в требованиях; умение находить в детях хорошие и правильные стороны его натуры; умение создавать позитивный психологический климат в школьном коллективе; умение заранее угадать, предупредить и справедливо решить конфликты в различных ситуациях [6] (таблица 2).

Таблица 2 – Анализ индивидуальных особенностей преподавателя по физическому воспитанию (в баллах)

Индивидуальные ценности	Уровень знаний	Проектировочные качества	Конструктивные качества	Организаторские качества	Коммуникативные качества
Экспериментальная группа	7,2	8,2	6,5	7,5	7,8
Контрольная группа	6,3	7,1	5,1	6,9	5,5

Способности учителя физической культуры, профилирующегося по казахским национальным играм, проявляются: в его умениях быть изобретательным при организации школьного коллек-

тива; развиты фантазия, оптимизм и воображение; хорошо поставленная и выразительная речь, дикция; высокая наблюдательность и внимание, артистическое и актерское мастерство (рисунок 3).




Рисунок 3 – Анализ личностных способностей учителя по физическому воспитанию

Таким образом, для школьников из экспериментальной группы, по сравнению со школьниками контрольной группы, наибольшую индивидуальную значимость представляют ценностные качества учителя физической культуры. Особенно учащиеся экспериментальной группы ценят духовные качества.

Чтобы определить эффективность данного взаимодействия в общем и физическом развитии учащихся, проводился анализ уровня подготовленности к физической нагрузке, по нормативам контрольных испытаний, предусмотренных стандартной школьной программой физического воспитания на основе казахских национальных игр для школьников старшего школьного возраста.

**Выводы.** Физическая культура и спорт представляют собой сложное социально-экономическое, педагогическое, психологичес-

кое явление, закономерности которого еще недостаточно изучены, а роль которого по мере развития общества усиливается. В современных условиях физическая культура и спорт выступают не только в качестве противовесов тем отрицательным явлениям, которые несет с собой современная цивилизация, но и важным элементом воспитания и социализации личности, формирования здорового образа жизни. Управление физической культурой и спортом становится фактором национального благосостояния и здоровья народа.

**Практические рекомендации.** Считаем, что есть необходимость усилить деятельность по восстановлению и приведению в общую систему казахские национальные виды спорта, народные подвижные игры и физические упражнения и состязания, являющиеся одним из главных условий в системе возрождения традиционной

культуры воспитания казахов. Для достижения этой цели, в процесс обязательно нужно активно подключить всех тех, кто непосредственно участвует в передаче культурной информации – учителя, воспитатели, общественники и др., а не только специалисты.

#### Литература

- 1 Былеева Л.В., Григорьев В.М. Игры народов СССР. – М., 1985. – С. 128.
- 2 Асарбаев А. Традиционные казахские национальные игры. // Физическая культура в школе. – 2007. № 6. – С. 6.
- 3 Сагындыков Е. С. Казахские национальные игры. – Алматы: «Рауан», 1991. – С. 176.
- 4 Абушев А.Н. Особенности использования казахских национальных игр в процессе занятий со школьниками // Тезисы респ. науч.-практ. конф. – 2006. – № 4. – С.9-10.
- 5 Тайжанов С., Касымбекова С. Казахские национальные игры // Физическая культура в школе. – 2007. № 6. – С. 22.
- 6 Барабанов А.Г. Высшее физкультурное образование. Проблемы и решения. – М.: ФОН, 1995. – С. 186.

FTAMP 77.29.30

**Мускунов Қ.С., Нурмуханбетова Д.К., Лесбекова Р.Б.**

Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ АДАМ ДЕНЕ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ЖӘНЕ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІ**

Мускунов Қырықбай Сарсенбаевич, Нурмуханбетова Динара Кенжеевна, Лесбекова Рыскұл Борановна

**Қазақтың ұлттық ойындарының адам дене қозғалысына және ойлау қабілеттеріне әсері**

**Аңдатпа.** Оқушылардың ағзасын шынықтыру, оның дене қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуына, ойлау қабілетінің дұрыс жетілуіне ғасырлар бойы бала тәрбиесінде ұтымды құрал ретінде қолданылып келе жатқан ұлттық ойындардан құралған қозғалыс элементтерін енгізе отырып, баланың денесін шынықтыру қажеттігі күннен күнге арта түсуде. Қазіргі дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы, ұлттық ойындарды оқушылардың жан-жақты дамуына пайдаланудың ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық, әдістемелік негіздерінің толықтай қалыптаспағанын аңғартады. Соның салдарынан қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктері оқушылардың іс-әрекеттерімен ұштастырыла алмай келеді, бұл жұмыстар әлі де байырғы сарында, өте баяу дамуда. Сондықтан, дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс жағдайында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-әрекеттерде, қазақтың ұлттық ойындарын жүргізудің тәрбиелік мазмұнына негізделіп, ойынның ережелерін, ойнау әдіс-тәсілдерін пән мұғалімдері, сынып жетекшілері жетік меңгеріп, оқу жоспары мен тәрбие жұмысы жоспарларына енгізуі қажет деп таптық.

**Түйін сөздер:** дене тәрбиесі, қазақтың ұлттық ойындары, ағза, сауалнама.

Muskunov Kyrykbay, Nurmukhanbetov Dinara, Lesbekov Ryskul

**Influence of national games on human body movements and thinking abilities**

**Abstract.** Every day the need of the child for hardening of an organism, the correct formation of its physical motor skills, the correct development of thinking, including the elements of the movement created from national games which for centuries are used as a rational means of education of children increases. On modern lessons of physical culture and extra-curricular activities, in the use of national games in the versatile development of students are not fully formed scientific and pedagogical, methodological, methodical basis. As a result, the educational opportunities of the Kazakh national games can not be associated with the activities of students, this work is still very slowly developing. In this regard, in the educational activities organized at the lessons of physical culture and extracurricular activities, in the educational content of the Kazakh national games, we believe that the rules of the game, game methods and techniques should be perfectly mastered by subject teachers, class teachers, included in the curricula and plans of educational work.

**Key words:** physical education, Kazakh national games, organism, questionnaire.

Мускунов Қырықбай Сарсенбаевич, Нурмуханбетова Динара Кенжеевна, Лесбекова Рыскуль Борановна

**Влияние национальных игр на движения тела человека и способности мышления**

**Аннотация.** С каждым днем увеличивается потребность ребенка в закаливании организма, правильном формировании его физических двигательных навыков, правильном развитии мышления, включая элементы движения, сформированные из национальных игр, которые на протяжении веков используются как рациональное средство воспитания детей. На современных уроках физической культуры и внеклассных мероприятий, в использовании национальных игр в разностороннем развитии учащихся не в полной мере сформировались научно-педагогические, методологические, методические основы. В результате воспитательные возможности казахских национальных игр не могут быть сопряжены с деятельностью учащихся, эта работа еще очень медленно развивается. В связи с этим, в воспитательных действиях, организуемых на уроках физической культуры и во внеурочной деятельности, в воспитательном содержании проведения казахских национальных игр, по мнению авторов, правила игры, игровые методы и приемы должны быть в совершенстве освоены учителями-предметниками, классными руководителями, включены в учебные планы и планы воспитательной работы.

**Ключевые слова:** физическое воспитание, казахские национальные игры, организм, анкета.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрді бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған» [1, 2].

Ғылымның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау ғылыми жетістіктерін игерумен қатар, оның одан ары бастауына үлкен мүмкіндіктер туғызады. Қазақ халқының ұлттық спорттық ойындары сол халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайларына байланысты өте ертеде туып, дамуы оның көші-қоны мен тұрмыс жағдайларына байланысты болған [3].

Көне тарихы бар біз қарастырып отырған дәстүрлі халық мәдениетінің бір саласы ұлттық халық ойындарын қазіргі жас ұрпақ өміріне енгізу, сонымен қатар бұл мәселені бүгінгі уақыт талабына сай көзқараспен қайтадан зерделеу, қазіргі дербес Қазақстан ғылымының өзекті тақырыптарының бірі болып табылады [4, 5].

Сондықтан оқушылардың ағзасын шынықтыру, оның дене қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуына, ойлау қабілетінің дұрыс жетілуіне ғасырлар бойы бала тәрбиесінде ұтымды құрал ретінде қолданылып келе жатқан ұлттық ойындардан құралған қозғалыс элементтерін енгізе отырып, баланың денесін шынықтыру қажеттігі күннен күнге арта түсуде.

**Зерттеу нысаны:** адамның дене қозғалысына және ойлау қабілетіне әсер ететін қазақтың ұлттық ойындары.

**Зерттеу мақсаты:** қазақтың ұлттық ойындарының адам дене қозғалысына және ойлау қабілеттеріне әсерін теориялық-әдістемелік тұрғыдан зерттеу.

#### **Зерттеу міндеттері:**

1. Қазақтың ұлттық ойындарының адам дене қозғалысы және ойлау қабілеттеріне тигізетін әсерінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтау.

2. Қазақтың ұлттық ойындарында көрініс беретін ойлау қабілетінің психологиялық ерекшеліктері мен адам дене қозғалысына әсерінің педагогикалық ерекшеліктерін айқындау.

**Зерттеу әдістері.** Ғылыми жұмысты орындау барысында бірқатар әдістер іске асырылды, олар: ғылыми-зерттеу, педагогикалық әдебиеттерге шолу, сауалнама-сұхбат жүргізу, педагогикалық тәжірибе жүргізу, статистикалық-математикалық талдау жасау.

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану қажет. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңеюіне көмектеседі. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Ойлаудың әсерін анықтау үшін қолданылған ойындар:

#### **«Тоғызқұмалақ»**

Екі қарсылас отаулар бойынша құмалақтарды салып ойнайды. Отаулар 1-ден бастап 9-ға дейін сандармен белгіленеді. Әрбір 9 отаудың өз атаулары бар: №1-ші отау – «арт», №2-ші отау – «тектұрмас», №3-ші отау – «ат өтпес», №4-ші отау – «атсыратар», №5-ші отау – «бел», №6-шы отау – «белбасар», №7-ші отау – «қандықақпан», №8-ші отау – «көкмойын», №9-шы отау – «маңдай» деп аталады. Әрбір отауда 9 санды құмалақ жатады. Жеребе бойынша бірінші жүретін ойнаушы өзінің әрбір отауынан құмалақтарды алып, міндетті түрде бір құмалақты қалдырады, ал қалғандарын оң жаққа қарай бір-бірден әрбір отауға салып, қарсылас жағына шығады және жүріс біткенде ақырғы отауда түскен құмалақ жұп санды болу керек. Бұл жағдайда ойнаушы бүкіл жұп санды құмалақтарды өзінің қазанына салады. Жүріс келесі ойнаушыға ауысады. Егер оның жүрісінен кейін отаудағы құмалақтар саны тақ болса, құмалақтар отауда қалады. «Тұздықты» қою үшін жүрісті дұрыс санап дайындау керек. Қарсылас жағындағы отауында екі құмалақ жату керек, бұған жүріс бойынша ақырғы болған үшінші құмалақ түссе, сол 3 құмалақты өзінің қазанына салады, ал отау «тұздық» деп белгіленеді. Осы «тұздыққа» түскен әрбір құмалақ «тұздықты» жасаған ойнаушының қазанына түседі. Егер отауларда бір-бір құмалақтар қалса, олармен де жүріс жүруге болады. Ойын ой қабілеттерін дамытады.

Құралдары: ойын тақтасы, 162 қара түсті құмалақ, шахмат сағаты, қалам және жүрістерді жазу кестесі. Жүріс жазу түрі: 7(9) : 6(10).

Бірінші сан – жүріс реті. Екінші сан – отау саны. Жақшадағы сан – отаудағы құмалақтар саны.

Осы мақсаттарға байланысты анықтаушы тәжірибелік-эксперимент барысында, кең кө-

лемді мәліметтер жинақтау үшін біз оқушылар арасында сауалнама жүргіздік (1-кесте). Сауалнама сұрақтары сонымен қатар қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінде падаланылатындай болып жасалды. Сауалнамаға Алматы қаласындағы № 23 жалпы білім бере-

тін орта мектептен 110 оқушы, № 36 мектеп-гимназиясынан 110 оқушы, барлығы 220 оқушы алынды, айта кететін бір жағдай сауалнамаға қатысқан оқушылардың ішінде әр ұлт өкілдерінің балалары да бар. Сауалнама төмендегідей сұрақтарды қамтыды.

1-кесте – «Қазақ ұлттық ойындарын білесің бе?»

Сұрақтар	Жауап		
	иә	жоқ	қиналамын
1. Қазақтың ұлттық ойындары туралы естуіңіз бар ма?	иә	жоқ	қиналамын
2. Қазіргі кездегі халық арасында кеңінен тараған және онша белгілі емес қазақ ұлттық ойындарының аттарын білесің бе, олар сізді қызықтыра ма?	иә	жоқ	қиналамын
3. Қазақтың ұлттық ойындарының ішінен қанша түрін, атын, ойнау ережелерін білесің? а) 3-9	иә	жоқ	қиналамын
а) 15-25	иә	жоқ	қиналамын
б) 25-35	иә	жоқ	қиналамын
4. Төменде көрсетілген мектеп пәндерінің қай салаларында қазақтың ұлттық ойындары көбірек пайдаланылады?			
а) бастауыш сыныпта – ана тілі, математика, қазақ тілі	иә	жоқ	қиналамын
ә) орта сыныптарда – әдебиет, тарих, қазақ тілі, жаратылыстану пәндерінде	иә	жоқ	қиналамын
б) дене шынықтыру пәнінде	иә	жоқ	қиналамын
в) сыныптан тыс оқу-тәрбие үдерісінде	иә	жоқ	қиналамын
5. Өзіңіз қатысып жүрген үйірмелерде қазақтың ұлттық ойындары пайдаланыла ма?	иә	жоқ	қиналамын
а) ұдайы пайдаланылады	иә	жоқ	қиналамын
ә) анда-санда пайдаланылады	иә	жоқ	қиналамын
б) пайдаланылмайды	иә	жоқ	қиналамын
6. Қазақтың ұлттық ойындарының сіздің жан-жақты жеке-даралық дамуыңызға айтарлықтай әсер етеді деген түсінікпен келісесіз бе?	иә	жоқ	қиналамын

Оқушылар анықтау эксперименті барысында жоғарыдағы мазмұнда құрастырылған сауалнамаға берген жауаптарының нәтижелері мынадай болды:

Жоғарыда айтылғандай бірінші сауал «Қазақтың ұлттық ойындары туралы естуіңіз бар ма?» деген қарапайым, жалпылама мазмұнда берілді. Сауалға берілген жауаптар былай жіктелді: иә – 155 немесе 70,4%; жоқ – 28 немесе 12,5%; қиналамын – 37 немесе 17,1%. Бұл нәтижелер 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен анықталуына байланысты мұны жоғары көрсеткіш деп есептеуге болады.

Екінші сауалға «Қазіргі кездегі халық арасында кеңінен тараған және онша белгілі емес қазақ ұлттық ойындарының аттарын бі-

лесің бе, олар сізді қызықтыра ма?» берілген жауаптардың қорытындысы былай болды: иә – 109 немесе 49,6 %; жоқ – 37 немесе 16,8%; қиналамын – 74 немесе 33,6 %.

Бұл көрсеткіштер бірінші сауалдың нәтижелеріне қарағанда әлдеқайда төмендеу болды, біздің ойымызша есту мен білудің арасындағы айырмашылық зор болып отыр, дегенмен де бірінші және үшінші нәтижелерді қосып қарайтын болсақ, оқушылардың көпшілігін ұлттық ойындар орынды қызықтырады деуге болады, себебі оқушылар көпшілік жағдайда ұлт ойындарын тек көңіл көтерумен байланыстырады, ал соның барысында ойнай жүріп ойланатынына, үйренетініне аса мән берілмейді.



Үшінші сауалға «Қазақтың ұлттық ойындарының ішінен қанша түрін, атын, ойнау ережелерін білесіз?» берілген жауаптардың нәтижелері төмендегідей болды: бұл сауалға берілетін жауаптар үш деңгейдегі жауаптарды талап еткен, бірінші деңгейдегі жауаптар былай жіктелді: иә – 99 немесе 45%; жоқ – 55 немесе 25%; қиналамын – 66 немесе 30,2%. Екінші деңгейдегі жауаптар нәтижесі былай сұрыпталды: иә – 39 немесе 17,8%; жоқ – 134 немесе 60,9%; қиналамын – 47 немесе 21,3%. Үшінші деңгейдегі жауаптардың нәтижесі төмендегідей болды: иә – 0; жоқ – 184 немесе 83,6%; қиналамын – 38 немесе 16,4%.

Сонымен үшінші сауалдың нәтижесін былайша қорытуға болады: біріншіден оқушылардың көпшілігі 5-10-ға жуық ойын аттарын, ойнау ережесін білетіндігін көрсетті, екіншіден 10-нан астам ойындарды көпшілігі білмейтін болып шықты. Егерде үш деңгейдегі жауаптардың орташа есебін шығаратын болсақ нәтижелері пайыздық көрсеткіштермен алғанда былай болады: иә – 20,9%; жоқ – 56,4%; қиналамын – 22,7%. Бұл көрсеткіштерден үшінші сауал бойынша былай деуге болады, жалпы оқушыларда қазақтың ұлттық ойындары туралы түсініктері біршама қалыптасқан, оқушылардың 30% жуығы ұлттық ойындардың элементтерін пайдалана алатындығын көрсетті, дегенмен де көпшілігі ұлттық ойындарды ойнау ережесін игермек түгілі, толық аттарын да білмейтін болып шықты.

Төртінші сауал – «Төменде көрсетілген мектеп пәндерінің қай салаларында қазақтың ұлттық ойындары көбірек пайдаланылады?» Берілген жауаптар былай жіктелді. Бұл сауалға берілетін жауаптар үш бөліктен құралды. Сауалдың біріншісі «бастауыш сыныпта – ана тілі, математика, қазақ тілі» деген бөліміне берілген жауаптардың нәтижелері былай болды: иә – 75 немесе 34%; жоқ – 88 немесе 40%; қиналамын – 57 немесе 26%. Сауалдың екіншісі «орта сыныптарда – әдебиет, тарих, қазақ тілі, жаратылыстану пәндерінде» деген бөліміне берілген жауаптардың нәтижесі былай болды: иә – 84 немесе 38%; жоқ – 71 немесе 32%; қиналамын – 65 немесе 30%. Сауалдың үшіншісі «дене шынықтыру пәндерінде» деген бөліміне берілген жауаптары былай жіктелді: иә – 93 немесе 42%; жоқ – 69 немесе 32%; қиналамын – 58 немесе 26%. Сауалдың төртіншісі «сыныптан тыс тәрбие процесінде» атты бөліміне берілген жауаптардың қорытындысы мынадай болды: иә – 113 немесе 51,3%; жоқ – 64 немесе 29%; қиналамын – 43 немесе 19,7%. Сонымен төртінші сауалдың төрт бөлігіне берілген жауаптардың

жалпы нәтижесін орташа пайыздық көрсеткішін былай қорытындылауға болады: иә – 41,3%; жоқ – 33,2%; қиналамын – 25,5%. Бұл пайыздық көрсеткіштерді саралай отырып, сауалнама жүргізу барысында оқушылармен әңгімелесу нәтижесінде осы жауаптарға байланысты өз ойымызды былайша пайымдадық.

Мектеп – қоғамдық сананың негізін салушы. Сондықтан да мектеп озық идея негізінде жабдықталып, озық ойлы кадрлармен қамтамасыз етіліп, қоғамның талабын қанағаттандырады. Оларды практикалық істе, өзінің күнбе-күнгі іс-әрекетінде қолдануға тырысады. Оның куәсі ретінде сауалнамаларға берілген жауаптардан көруге болады. Мысалға 40 пайыздан астам оқушылар мектеп оқу-тәрбие үдерісінде қазақтың ұлттық ойындарын пайдалана алатындығын растайды, яғни қазіргі мектеп ұлттық негіздерді қайта жаңғыртуға, оқу мен тәрбиені ұлттық психологияны қалыптастыру мәселесіне айтарлықтай бет бұрыс жасағандығын көреміз. Бұл жағдай мектеп оқу тәрбие үдерісінде ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктерінің мол ықпалы бар екендігін көрсетеді.

Дегенмен де, жас ұрпақты бүгінгі күннің талабына сай етіп тәрбиелеуде әлі де жан-жақты қарастырылмаған олқылықтардың орын алуы байқалады. Мәселен 60%-ға жуық оқушылар мектептің оқу-тәрбие жұмысы барысында ұлттық ойындардың ұлттық тәлім-тәрбие құралы ретінде пайдаланғандығын растай алмады. Осы орайда тағы да бір айта кететін жағдай, мектептің оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық ойындардың пән аралық байланысты жақсартудағы рөлі шешімін таппаған сияқты. Біздің ойымызша, бүгінгі және келешек жеткіншектерге беретін тәрбиеміздің қозғаушы күштерінің бірі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктері.

Сауалнаманың бесіншісі «Өзіңіз қатысып жүрген үйірмелерде қазақтың ұлттық ойындары пайдаланыла ма?» деген сұрағына берілген жауаптардың жіктелуі былайша түзілді. Бұл сауалда алғашқылардай екі бөліктен құралған жауаптарды талап етті. Бірінші бөлімге берілген жауаптар нәтижесі мынадай болды: иә – 34 немесе 15,2%; жоқ – 106 немесе 48,4%; қиналамын – 80 немесе 36,4%. Екінші бөлімге берілген жауаптар нәтижесі: иә – 67 немесе 30,4%; жоқ – 102 немесе 46,6%; қиналамын – 51 немесе 23%.

Бұл көрсеткіштерді саралай отырып, былайша қорытындылауға болады. Қазақтың ұлттық ойындарының адам дене қозғалысы мен ойлау қабілетіне әсерін анықтау барысында

оқушыларды саналы түрде белсенділікке, ой еркіндігіне, іскерлікке және өзінің күш-қуатын меңгере білуге үйрете білетіндіктерін көрсетті, оған дәлел – ұлттық ойындарды үйірмелерде ұдайы пайдаланылады деген көрсеткіш 15,2%-ды құрады, ал анда-санда пайдаланылады деген жауаптар 30,5%-ды көрсетті. 54,3%-ы пайдаланылмайды деген жауапты көрсетті. Өкінішке орай біздің пікірімізше бұл көрсеткіштер әрине төмен деңгейде деуге болады. Жалпы бесінші сауал нәтижесі былай болды: иә – 22,9%; жоқ – 47,5%; қиналамын – 29,6%.

Сауалнаманың алтыншы сауалына «Қазақтың ұлттық ойындарының сіздің жан-жақты жеке даралық дамуыңызға айтарлықтай әсер етеді деген түсінікпен келісесіз бе?» деген сұраққа берілген жауаптардың нәтижесі былайша жіктелді: иә – 55 немесе 21,3%; жоқ – 60 немесе 25%; қиналамын – 105 немесе 53,7%.

Педагогикалық бақылаудың арқасында жоспарланған ұлттық ойындардың іске асырылуында төмендегідей ерекшеліктерді байқадық:

– таныс ойындарды ойнай отырып таныс емес ойындарға көшу. Мысалы, “Аңшылар” ойынынан кейін “Жаяу көкпар” ойыны;

– ұлттық ойындар арқылы оқушылар халықтың тарихы, оның әдет-ғұрыптары туралы мәлімет алады. Мәселен, “Бәйге” ойынында, оқушыларға ата-бабаларымыз көшпелі болғандығы, сондықтан атқа отыра білу, онымен шаба білу ұлт мақтанышы екені ұғындырылады.

**Қорытынды.** Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерді саралай отырып, ойымызды былай деп түйіндейміз. Қазіргі дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы, ұлттық ойындарды оқушылардың жан-жақты дамуына пайдаланудың ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық, әдістемелік негіздерінің толықтай қалыптаспағанын аңғартады. Соның салдарынан қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктері оқушылардың іс-әрекеттерімен ұштастырыла алмай келеді, бұл жұмыстар әлі де байырғы сарында, өте баяу дамуда. Сондықтан, дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс жағдайында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-әрекеттерде, қазақтың ұлттық ойындарын жүргізудің тәрбиелік мазмұнына негізделіп, ойынның ережелерін, ойнау әдіс-тәсілдерін пән мұғалімдері, сынып жетекшілері жетік меңгеріп, оқу жоспары мен тәрбие жұмысы жоспарларына енгізуі қажет деп таптық.

## Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2007. – Б. 29-35.
- 2 Есмағамбетов З.А. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: оқу құралы / З.А. Есмағамбетов. – Алматы: Қарағанды, 2005. – 192 б.
- 3 Менлибаев К.Н. «Роль национальных традиции в формировании и развитии патриотизма»: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата философ. Специальность 09.00.02 – Философия человека и общества. – Алматы, 1995. – 112 с.
- 4 Караков А. Студенттердің дене тәрбиесінде спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалану (қазақша күрес, самбо, дзюдо): дисс. ... пед.ғыл.канд. – Алматы, 1996. – 141б.
- 5 Мухиддинов Е. Использование казахских народных игр в физическом воспитании учащихся: канд. дисс. ... автор. – Алматы, 1999. – 25 с.

<sup>1</sup>Сайтбеков Н.Д., <sup>2</sup>Ботагариев Т.А., <sup>1</sup>Лесбекова Р.Б.

<sup>1</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Сайтбеков Нурбол Доктарбайұлы, Ботагариев Төлеген Амиржанұлы, Лесбекова Рысқұл Борановна

**Инновациялық технологияларды енгізудің эксперименттік бағдарламасын іске асыру бойынша қалыптастырушы эксперимент нәтижелерінің динамикасы**

**Аңдатпа.** Берілген мақалада дене тәрбиесі оқытушылары мен болашақ маман-студенттердің дене тәрбиесіндегі инновациялық технологияларды жүзеге асыруға дайындық динамикасы анықталған. Атап айтқанда, оның барлық құрылымдары бойынша ең жоғары балл алған респонденттер саны артты. Инновациялық қызметті қабылдаудың оңтайлы деңгейі көтерілді. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы студенттерінің инновациялық технологияларды жүзеге асыруға дайындығы туралы пікірлерінде оң өзгерістер анықталды. Мысалы, сабақтарда технологиялар жиі іске асырыла бастады, жұмыстың сапасын жақсартуға үлкен көңіл бөлінді. Дене шынықтыру емес мамандық студенттерінің инновациялық технологияларды қолдану туралы пікірлерінің динамикасында сабақтарға қанағаттануды жақсарту, инновациялық орта құру, инновациялық технологияларды белсенді қолдану көрсетілген. Дене даярлығының барлық тестілері бойынша нәтижелерде жақсартулар анықталды. Бұл ретте «орнынан ұзындыққа секіру», «төмен енкею», «жатып тұрып қолды бүгу және жазу» тестілері бойынша жоғары нәтижелер байқалды. Сондай-ақ, бағдарламалық материал орындалуының артқаны байқалды. Студенттердің дене шынықтыру сабақтарына деген ынтасының жақсаруы анықталды. Бұл сабаққа деген оң көзқарасты, олардың өткізілуіне студенттердің көңілдері толуын білдірді. Студенттердің қимыл белсенділігінің барлық деңгейі бойынша орындаған қадамдар санының артуы байқалды. Бұл ретте 1 және 2 курс студенттері арасындағы айырмашылықтың салыстырмалы түрде азайғаны атап өтілді.

**Түйін сөздер:** динамика, нәтижелер, қалыптастырушы эксперимент, іске асыру, эксперименттік бағдарлама, енгізу, инновациялық технологиялар.

SaitbekovNurbolDoktarbayevich, BotagariyevTulegenAmirzhanovich, LesbekovaRuskul

**Dynamics of the results of the forming experiment on the implementation of the experimental program of implementation of innovative technologies**

**Abstract.** This article identifies the dynamics of the readiness of teachers of physical education and students of future specialists to implement innovative technologies in the physical education of students. Namely, for all its components, the number of respondents who have marked the highest score increased. The optimum level of susceptibility has increased. Positive changes in the opinions of students of the "physical culture and sports" about the readiness to implement innovative technologies are revealed. In particular, in the classroom began to be more often implemented technology, greater emphasis is placed on improving the work. In the dynamics of the views of students non – physical specialties on the application of innovative technologies are indicated by the improvement of satisfaction with classes, the creation of an innovative environment. The active use of innovative technologies. All tests of physical fitness revealed improvements in the results. At the same time in the best degree of tests "long jump from the spot", "tilt down", "flexion and extension of the arms in the support lying down". There was also an increase in the implementation of the program material. The improvement of students' motivation to the physical culture classes was stated. This was expressed in a positive attitude to classes, satisfaction with their implementation. For all levels of motor activity of students, an increase in the number of steps performed by students was observed. At the same time, a relative decrease in the difference between students of the first and second courses was noted.

**Key words:** dynamics, results, forming experiment, implementation, experimental program and innovative technologies.

Сайтбеков Нурбол Доктарбаевич, Ботағариев Тулеген -Амиржанович, Лесбекова Рыскуль Борановна

Егер үлестік қатынаста салыстырар болсақ, онда жас дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру саласындағы зерттеулер бар болғаны 13,4%-ды құрайды және эпизодтық сипатқа ие. Бұл зерттеулерде тек жеткіншектердің морфофункционалдық ерекшеліктері мен дене дамуы деңгейін анықтау арқылы олардың дзюдомен айналысуға спорттық жарамдылығын анықтау мәселесі ғана қарастырылады.

Дзюдодо спорттық жетістіктердің қарқынды өсуі бүкіл әлемдегі мамандар үшін спортшылармен тиімді жұмыс жасау үшін жаңа әдістер мен тәсілдерді тұрақты іздеп отыру қажеттілігін тудырады. Ал Олимпиадалық спорттық дзюдоны жақсырақ дамыту үшін спортшыларды дайындаудың техникалық-тактикалық аспектілерінен тұратын соңғы ғылыми жетістіктердің тиімділігін талдаудың және жетекші дзюдошылардың жарыстардағы қозғалыстарын талдаудың жалпы базасы тұрақты түрде өсіп отыруы қажет [5]. Халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсету үшін дзюдошы-спортшылардың дене дайындығы ең жоғары деңгейде болуы тиіс екендігі белгілі. Алайда балуанның табысты өнер көрсетуін дене дайындығы деңгейінен бөлек басқа да маңызды факторлар анықтайды: тактикалық дайындық, техникалық шеберлік және т.б. Ғы-

лыми әдебиетте жоғары білікті дзюдошылар дайындығының осы аспектілері қамтылған жұмыстардың үлкен көлемі бар. Сондай-ақ, әдебиетте балуандардың жаттығу-жарыстық қызметінің аз зерттелген бағыттары да бар. Олар өнер көрсету кезіндегі күйзелу мен үрейлену халін жеңудің табысты стратегиясын іздеумен және спортшылардың психологиялық дайындығын жетілдірумен байланысты.

Сонымен қатар, спортшылардың түрлі салмақ санаттарында өнер көрсетудегі нәтижелілігіне олардың жасының әсерін; спортшылардың морфофункционалдық көрсеткіштерінің өзара байланыстарының сипаттамалары мен олардың спорттық шеберлік деңгейіне ықпалын; жоғары разрядты дзюдошылардың жекпе-жекте жүргізудегі жеке тәсілдерінің математикалық моделдерін қарастыру қажеттілігі де бар [6].

Жас дзюдошы-спортшыларды дайындау ерекшеліктеріне де белгілі бір дәрежеде көңіл бөлінеді. Осылай, А. Близневский, М. Кудрявцев, С. Ермаков және В. Ягелло балалар дзюдосын дамыту үшін жарыстық кезеңдегі 12-13 жастағы жас дзюдошылардың спорттық қызметке деген белсенді әрекеттік қатынасын қалыптастыру тақырыбын маңызды деп есептейді. Үйрету жүйесінде үйренуге деген қабілеттілікті анықтау – айтарлықтай маңызды элементтердің бірі. Авторлардың тұжырымдауы бойынша, жас балуандардағы аэробты күш, бұлшықет төзімділігі және дене бітімі үйрену мен жарыстардағы табысқа әсер етеді. Бұл жағдайда жалпы дене дайындығы үдерісін оңтайлы құру ерекше мәнге ие болады, ал бұл, өз кезегінде, дене қасиеттерінің жан-жақты және пропорционалды дамуына көмектеседі [7].

Жоғарыда көрсетілген материалдан көретініміздей, заманауи дзюдо ғалымдарға ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кең ауқым ұсынып отыр. Дегенмен, дзюдошыларды дайындаудың түрлі аспектілері туралы осы уақытқа дейін алынған білімдердің құрылымдық талдануы мен синтезінің маңыздылығы да жоғары.

Дзюдо күресінің дамуын зерттеудегі жеткілікті зерттелмеген ғылыми бағыттардың бірі – дзюдодан балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріне және секцияларға балалар мен жасөспірімдерді тиімді іріктеу мәселесі. Авторлармен ұсынылған іріктеу әдістемелері туралы диссертация жұмыстарында бірқатар айырмашылықтар бар.

Алайда мамандар іріктеудің негізгі критерийі ретінде жасөспірімдердің дене дайындығы мен дене дамуы деңгейін есептеуді ұсынады.

А.В. Пауткин дзюдо мектептеріне іріктеу кезінде жеткіншектер денесінің барлық көрсеткіштерін (дене ұзындығын, дене салмағын, көкірек қуысының көлемін) есепке алуды ұсынады. Осы маманның пікірінше, тестерде жоғары нәтиже көрсеткен жасөспірімдер жақсы спорттық нәтиже көрсете алады: кеудені көтеру және кермеге тартылу. Ғалым мұндай тұжырымға дзюдо күресіне маманданып жүрген 117 жеткіншектің спорттық жарамдылығын анықтау бойынша үш жыл зерттеу жүргізгеннен кейін келген. Зерттеу дзюдодан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 12-14 жастағы жасөспірімдер арасында жүргізілді [8].

Мұндай ұсыныстар бірқатар ғалымдардың тарапынан айтарлықтай сынға ұшырайтындығын айтып өткен жөн. А. Осипов киіммен спорттық жекпе-жектер (самбо және дзюдо) секцияларына балаларды іріктеу кезінде негізінен спорттық күрес әдістерін жылдам меңгеру қабілеттілігі мен үйлестіру қабілеттерінің даму деңгейін есепке алған дұрыс екендігін анықтады [9].


Бұл зерттеулердің тағы бір кемшілігі – олардың негізінен 2010 жылға дейінгі кезеңде жүргізілгендігі, олардың нәтижелері біршама дәрежеде заманауи дзюдо үшін өз көкейкестілігі мен маңыздылығын жоғалтты. Бұл жағдай Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) соңғы жылдары күрес ережелерін жоспарлы түрде өзгертіп жатқандығынан туындады. Маңызды өзгертулер болған: шалбардан және белбеуден қармап ұстаудан бас тарту. Мұндай қармап ұстауларды жасау спортшының жекпе-жектен шығарылуына алып келеді. Демек, мұндай қармап ұстауларды үйрену қазіргі уақытта мақсатқа сай емес.

Зерттеушілердің дзюдо саласындағы ғылыми әзірлемелері спорттық жекпе-жектердің осы бір ерекше түрін өзіндік философиясымен және

дәстүрлерімен таратып жүрген барлық елдердің дзюдошыларының жаттығу мен жарыстық қызметінің сапасын арттыруға көмектеседі. Қолда бар жұмыстарды талдау ғалымдардың зерттеулерінің дзюдо жарыстарының нәтижелілігіне, негізділігіне және көрермендерді тартуына қосымша халықаралық ықпал ете алатындығын дәлелдеді.

Дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыруды зерттеуге қазақстандық ғалымдар да біршама үлестерін қосты. Атап айтқанда, спортшылардың психологиялық-педагогикалық дайындығының кешенді жүйесін зерттеу (И.Ф. Андрущишин, 2008); жоғары білікті дзюдошылардың жаттығу үдерісін басқарудағы кешенді бақылау (М.Н. Шепетюк, 2012); жоғары білікті дзюдошылардың техникалық-тактикалық әрекеттерінің тиімділігі (А.В. Тен, 2015); жоғары білікті дзюдошылардың тұлғалық ерекшеліктері мен техникалық-тактикалық әрекеттерінің өзара корреляциялық байланысы (И.Ф. Андрущишин, А.В. Тен, Ю.П. Денисенко, 2015); дзюдошылардың техникалық әрекеттерінің сандық және сапалық көрсеткіштері (Г.Н. Альмуханбетова, Ж.Н. Сайлаубаев, В.Н. Георгиев, А.В. Тен, 2015). Бұл жерден тағы да жас дзюдошыларды дайындауды зерттеуге жеткілікті үлес қосылмағандығын көре аламыз. Бұл қазіргі Қазақстанда жоғары нәтижелі дзюдошыларды дайындау саласындағы спорт ғылымын дамытуда маңызды мәселелер тудырып отыр [10].

Егер жоғары білікті дзюдошылар дайындығының барлық құраушыларын есепке алар болсақ, онда жас дзюдошылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру мәселелерін зерттеу осы салада жұмыс істейтін барлық мамандардың шындап зерттеуін талап ететіндігін сенімділікпен айтуға болады (2-сурет).



2-сурет – Білікті дзюдошылар дайындығын құраушылардың өзара байланысы

Ғылыми зерттеулерді талдаудан көретініміздей, 2-суреттің сызбасында көрсетілген бірде бір құраушының жас спортшыларға арналған дзюдо туралы ғылымның дамуының заманауи кезеңінде терең ғылыми зерттеулері жоқ.

Дзюдошының жалпы жарыстық қызметін анықтайтын және спортшының дайындық деңгейін анықтайтын техникалық-тактикалық көрсеткіштер шындап зерттеуді талап етеді (Я.К. Коблев, М.Н. Рубанов, К.Д. Чермит). Соның ішінде жас дзюдошыларда оларды қалай және қандай әдістермен және тәсілдермен қалыптастыру әрі дамыту керек, оларды қандай критерийлермен бағалау керек, олардың жаттығулардағы қандай арақатынасы анағұрлым оңтайлы болады десек, бұл келесідей:

– «белсенділік» техникалық-тактикалық көрсеткіші дзюдошының қозғалыстық және функционалдық дайындығын жанама түрде сипаттайды және дзюдошымен бір минутта жасалатын шабуылдаушы әрекеттердің санымен көрініс табады;

– «шабуылдаушы әрекеттердің сенімділігі» техникалық-тактикалық көрсеткіші дзюдошымен жасалатын шабуылдардың тиімділігін сипаттайды және бір жекпе-жекте жасалған және бағаланған шабуылдаушы әрекеттердің санымен көрініс табады;

– «нәтижелілік» техникалық-тактикалық көрсеткіші дзюдошының шабуылдаушы әрекеттерінің сапасын анықтайды; бұл – жасалған техникалық-тактикалық әрекеттер (ТТӘ) үшін берілетін ұпайлар санымен көрініс табатын дзюдошының шабуылдаушы әрекеттерінің орта бағасы;

– «қорғаныстың сенімділігі» техникалық-тактикалық көрсеткіші дзюдошының қарсыласының шабуылдаушы әрекеттеріне қарсы тұру қабілетін сипаттайды;

– «комбинациялылық» техникалық-тактикалық көрсеткіші дзюдошының жекпе-жекте жеңіске жету үшін күрделі техникалық-тактикалық әрекеттерді пайдалану, тұрып тұрған қалыпта басталған шабуылды үзбей, оны жатқан қалыптағы күресте жалғастыру қабілетін сипаттайды;

– «нұсқалылық» техникалық-тактикалық көрсеткіші дзюдошының меңгерген техникалар арсеналының әртүрлілігімен сипатталады. Көрсеткіш дзюдошы жасауға тырысқан техникалық-тактикалық әрекеттердің жіктелу топтарының санымен анықталса, бұл – «жалпы вариативтілік» болады, ал «нәтижелі вариативтілік» көрсеткіші бағаланған техникалық-тактикалық әрекеттердің жіктелу топтарының санымен анықталады.

Осылайша, дзюдода бастапқы кезеңдердегі техникалық-тактикалық дайындық жүйесі оны жетілдіруге деген жаңа ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік тәсілдерді талап етеді деп болжауға болады. Ең алдымен, бұл оқу-жаттығу үдерісінің барысын сапалы басқаруға мүмкіндік беретін жас дзюдошылардың техникалық-тактикалық әрекеттерінің нұсқалылығын алгоритмдеудің үйлесіміне қатысты болуы тиіс. Ал бұл, өз кезегінде, бастапқы спорттық мамандану кезеңінде дзюдошыларды техникалық-тактикалық әрекеттерге үйретудің дәстүрлі жүйесін айтарлықтай түрлендіреді. Бұл, ең алдымен, қозғалыс құрылымын сызбалық бейнелеудің әдістемелік амалдарын пайдалану бірізділігіне, назарды қозғалыс әрекетінің негізгі элементтеріне шоғырландыруға, техникалық-тактикалық әрекеттерді дербес талдауға, үйреніліп жатқан қозғалыс туралы түсініктер жайлы ауызша есеп беруге, бұлшықет сезімдерін сипаттауға қатысты болады да, жекпе-жек барысында дзюдошылардың қозғалыс әрекеттерін орындау шарттарын модельдеуге мүмкіндік береді.

Дзюдо техникасына үйрету кезіндегі тиімді алгоритмдеу мәселесін шешу де назардан тыс қалдырылмауы тиіс, бұл бастапқы спорттық мамандану кезеңінде 12-14 жастағы жас дзюдошылардың техникалық дайындығының мазмұнын жүйелеуге мүмкіндік береді. Көптеген зерттеушілердің тұжырымдауы бойынша, дзюдода техникалық әрекеттердің – қармап ұстаулар, ауысулар – алгоритмдеріне үйретуде комбинациялар нақты белгіленген болуы, ал тактикалық әрекеттердің нұсқалары спортшылармен өздерінің жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып таңдалуы тиіс. Жас дзюдошылар үшін бұл алгоритм қандай сипаттамаларға ие болуы тиіс деген мәселе терең зерттелуді талап етеді. Алгоритм түрінде қолданылатын оқу тапсырмаларын кезекпен меңгеру оларда қозғалыс әрекеттері техникасы негіздерінің қалыптасуына көмектеседі, жас дзюдошылардың жарыстарда үздік нәтижелерге қол жеткізулеріне, сонымен қатар, бастапқы дайындық топтарындағы дзюдо спорт түрімен айналысатын спортшылардың айла-тәсілдік әдістер кешенін жоғары деңгейде меңгеруіне ықпалын тигізеді.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында анықталған қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған зерттеу жұмысы негізінен оқу-жаттығу барысын ұйымдастыру жолдарын, жас дзюдошыларды айла-тәсілдік әрекеттерді сапалы орындауға бағытталған жаттығулар ке-

шенін негіздеу; жаттығу барысында әзірленген дайындық әдістерін және аталған әдістердің орындалу тәртібінің ерекшеліктерін, айла-тәсілдік әрекеттерді жетілдіруге бағытталған жаттығулар кешенінің тиімділігін анықтау әдістері мен қойылатын талаптарын анықтау

болып табылады. Қорытындылай келгенде, дзюдо спорт түрімен айналысатын жас спортшылардың айла-тәсілдік дайындық барысында қолданылатын барлық мақсаттар мен мазмұнды, әдістерді, қағидаларды, әдістемелерді және т.б. құрылымдарын негіздеу.

#### Әдебиеттер

- 1 Шестаков В. Б. Теория и методика детско-юношеского дзюдо: учебно-методическое пособие / В.Б. Шестаков, С.В. Ерегина. – М.: ОЛМА Медиа Групп, 2008. – 120 с.
- 2 Аккуин Д.Ю. Модель построения тренировки юных дзюдоистов на начальных этапах подготовки / Д.Ю. Аккуин // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2012. – № 1(12). – С. 23-25.
- 3 Холодов, Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб. пособие / Ж.К. Холодов В.С. Кузнецов. – М.: Академия, 2004. – 480 с.
- 4 Peset F., Ferrer-Sapena A., Villamon Metal. анализ научной литературы по дзюдо в Web of Science®. АРКА БУДО. 2013; 9(2)
- 5 Чаллис Д. Определение таланта в дзюдо. Неопубликованные данные. Исследовательская группа по дзюдо Университета Англии Раскина от имени Международная федерация дзюдо. [Интернет]. 2013 [цитируется с 10 декабря 2016 г.]
- 6 Альбукерке М., Таварес В., Лаге Г. и соавт. Эффект относительного возраста у олимпийских дзюдоистов: анализ весовой категории. Наука и Спорт 2013; 28 (3): 59–61.
- 7 Близневский А., Кудрявцев М., Ермаков С., Ягелло В. Формирование активно-эффективного отношения спортсменов-дзюдоистов 12-13 лет к спортивное функционирование в соревновательный период. – Архивы Будо.– 2016. – С.101–115.
- 8 Пауткин А.В. Определение спортивной пригодности подростков на этап начальной спортивной специализации в единоборствах: автореф. канд. пед.наук. – Тамбов, 2009.
- 9 Осипов А.Ю. Анализ подготовки спортсменов-дзюдоистов Сибирского федерального округа к современной соревновательной борьбе. // Бюллетень Красноярский государственный педагогический университет имени В.П. Астафьев 2016. – №1 (35). – С.105-108.
- 10 Тен А.В. Взаимосвязь между технико-тактическими действиями и личностными особенностями дзюдоисток высокой квалификации / Матер. V междунар. науч. конф. студентов и молодых ученых «Университетский спорт: здоровье и процветание нации». – Казань: Поволжская ГАФКСИТ, 2015. – Т.1. 133– С. 68-71.

**Жаңабатырова М.А., Есімғалиева Т.М., Ескалиев М.З.**

Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

**АРНАЙЫ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ЖАСӨСПІРІМ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ**

Жаңабатырова Мария Абдрашқызы, Есімғалиева Тілекші Мақсотқызы, Ескалиев Мұхтар Зейнолдаұлы

**Арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамыту**

**Аңдатпа.** Мақалада авторлар арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамыту мәселесін кеңінен қарастыруға тырысқан. Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамыту мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалынған. Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде зерттеуші логикалық ойлау ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылаған. Психология ғылымында көптеген зерттеушілер логикалық ойлауды бірнеше мағынада қарастырған. Сол ұғымдарға авторлар ерекше сипаттама беріп, тоқталып өткен. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында автор жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың моделін жасаған. Жалпылағанда, арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың әдістемесі әзірленген.

**Түйін сөздер:** логика, логикалық ойлау, арнайы тапсырмалар жүйесі, логикалық ойлауын дамыту формалары, логикалық ойлауды дамытудың моделі.

Zhanabatyrova Mariya Abdrashevna, Yessimgaliyeva Tlekshi, Yeskaliev Mukhtar

**Development of logical thinking of young athletes on the basis of a system of special tasks**

**Abstract.** In the article the authors have tried to broadly consider the issue of development of logical thinking of young athletes on the basis of the system of special tasks. The analysis of pedagogical, methodical literature on the development of logical thinking of young athletes. Based on the analysis of scientific psychological and pedagogical literature, the researcher clarified the essence and content of the concept of logical thinking. In psychological science, many researchers have considered logical thinking in several ways. In these concepts, the authors gave a special characteristic and stopped. Of great importance in the development of creative abilities of students is to perform logical tasks. Logic puzzles are used to promote student engagement, develop independent work, as well as familiarizing students to the skills and abilities. In addition, during the study, the author developed a model for the development of logical thinking of young athletes. In General, on the basis of the system of special tasks the method of development of logical thinking of young athletes is developed.

**Key words:** logic, logical thinking, system of special tasks, forms of development of logical thinking, model of development of logical thinking.

Жанабатырова Мария Абдрашевна, Есимғалиева Тлекши Махсотовна, Ескалиев Мұхтар Зейнолдунович

**Развитие логического мышления юных спортсменов на основе системы специальных заданий**

**Аннотация.** В статье авторы старались объективно рассмотреть вопрос развития логического мышления юных спортсменов на основе системы специальных заданий. Проведен анализ педагогической, методической литературы по вопросам развития логического мышления юных спортсменов. На основе анализа научной психолого-педагогической литературы исследователь уточнил сущность и содержание понятия логического мышления. В психологической науке многие исследователи рассматривали логическое мышление в нескольких значениях, дали особую характеристику. Большое значение в развитии творческих способностей учащихся имеет выполнение логических задач. Логические задания используются в целях воспитания активности учащихся, привития навыков самостоятельной работы, а также приобщения учащихся к умениям. Кроме того, в ходе исследования автор разработал модель развития логического мышления юных спортсменов. В целом, на основе системы специальных заданий разработана методика развития логического мышления юных спортсменов.

**Ключевые слова:** логика, логическое мышление, система специальных заданий, формы развития логического мышления, модель развития логического мышления.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасында»: «Бүгінгі білім берудегі басты мақсат – тек білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, өзгерістер заманында тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» делініп, осы мақсат негізінде сапалы білім беру міндеті айтылады. Осы ретте білім беру мекемелері жаңа білім сапасына сай мемлекеттік сұраныс пен тапсырысты орындауы талапқа сай жүргізілуі тиіс [1].

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау [2].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [3].

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Жоғарыдағы Мемлекеттік құжаттарда қойылған міндеттерді шешудің бір жолы – ол бүгінгі оқушылардың дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету, яғни қоршаған әлемді өзара байланыспен тұтастай қабылдауы мен логикалық ойлауын дамыту.

Тұлғаның логикалық ойлауын дамытуда ежелгі заманнан бері математиканың алар орны ерекше. Математиканың ғылым мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі аз болған жоқ. Математика – барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика – оқушы-

ның дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының базалық математикалық күзиреттілігін қалыптастырудың ерекше әдістерін ТМД елдерінің ғалымдары зерттеді. Олар оқушылардың жалпы білімдік деңгейін арттыру, математикалық дайындығын жетілдіру және оқушылардың логикалық ойлауын дамыту мәселелерін шешуді әртүрлі концепциялар негізінде жүзеге асырған. Мысалы: – дамыта отырып оқыту мәселелері Л.В.Занкова [4], Б.М. Қосанов [5] еңбектерінде;

– жаңа ақпарат технологиялары мен әдістемелік концепциялар С.С.Тасмұратов, В.В.Барсай, Г.А.Баймадиева, А.К.Қағазбаева [6], Д.Рахымбек [7] т.б. шығармаларында;

– математиканы оқытуда оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру С.Қ. Меңлікөжаева [8], В.П. Стрезикозин [9], М.Е. Есмұхан, С.Ж. Джанабердиева [10] ізденулерінде зерттелген.

**Зерттеу мақсаты:** Арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін ұсыну.

#### **Зерттеу міндеттері:**

– Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамыту мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау;

– «Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауы» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау;

– Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың моделін жасау;

– Арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың әдістемесін әзірлеу.

#### **Зерттеу нәтижелері:**

– Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамыту мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалынды.

– «Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауы» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды.

– Жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың моделі жасалды.

– Арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың әдістемесі әзірленді.

Бұл мақалада негізгі ұғымдарының бірі «Логикалық ойлау» категориясының педаго-

гикалық-психологиялық ғылымда қарастырылуы зерттелген. Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, логика деген ұғым (гр. λογική – «талдауға құрылған», λόγος – «сөз», «сөйлем», «ойлау», «ақыл») – ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым [11]. Логика дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдері қаралатын ғылыми теориялар жиынтығын құрайды. Логика – адам ойының логикалық формалары жағынан және кіріспе білім алу үдерісі кезінде, ақиқатқа жетуін оның заңдары мен пәнін қалыптастырушы қажетті шарттарды реттейтін ғылым. Логика жалпы логикалық тәсілдерді (әдістерді) зерттейді.

Білім берудің басты мақсаты – үнемі өзгеріп тұратын әлеумет жағдайына қарай өсіп келе жатқан ұрпақты даярлау. Өзгермелі өмірге қарай балаларды бейімдеуде білім мен тәрбиемен қаруландыру білім беру үдерісінің негізгі кілті болып табылады. Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген балада, білім саласында көп қиындыққа ұшырайды: есептерді шығаруда, жаттығуларды орындауда көп уақытын және күшін жоғалтады. Нәтижесінде денсаулығы әлсірейді, оқуға деген құлшынысы төмендейді. Бала логикалық операцияларды меңгергенде, анық және дәл ойлай алады, амалды орындауда неге мән беру қажеттілігін түсінеді, өзінің дұрыстығы туралы пікірін білдіре алады. Білімді меңгеру оңайға соғады, мектеп бала үшін қуаныш әкеледі [12].

Психология ғылымында көптеген зерттеушілер логикалық ойлауды бірнеше мағынада қарастырады.

Біріншіден, логикалық ойлау дегеніміз – мәселені шешудегі толғану процесі, білімнің даму үдерісі, яғни заттар мен құбылыстарға тән ерекше диалектикалық заңдылықтар мен оған негізделген таным тәсілдері мен амалдарды қолдану нәтижесінде ұғымдар мен пікірлердің, теорияның қалыптасуы.

Екіншіден, ойлау үдерісінің қандай болса да қалыптасқан ұғымдар мен пікірлерді (анықтама, ой қорыту, ұғымды шектеу, ажырату, бір пікірден логикалық жолмен екінші пікірге көшу, бір пікір арқылы екінші пікірді дәлелдеу немесе теріске шығару т.б.) пайдаланып, оларды қолдану арқылы білімді дамыту – осы түрлендірулер мен заңдылықтар, ұғымдардың бір-бірімен байланыстары, ерекшеліктері формальды логиканың зерттеу саласы, пәні болып табылады. Ойлану–дамушы құбылыс және ол адам басында үнемі жұмыс күйінде кездеседі. Ойланудың негізгі қызметі жұмбақ мәселелерді шешу. Мә-

селелердің шешілуі адам басында реттелініп отырады. Ой процесі көзге көрінбейтіндіктен оның дәл өзін зерттеу мүмкін емес. Сондықтан ойлану туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, ойлану қалайша жүзеге асып, реттеліп отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған [13].

Сонымен қатар, ғылыми әдебиет көздерінде логикалық ойлаудың дамуы дегеніміз – оның мазмұны мен формасының өзгеруі, ол оқушының танымдық қызметі барысында пайда болады деп қарастырылған.

Психологияда ойлаудың үш түрі қарастырылады.

1. Практикалық-қимылдық
2. Көрнекі көркем
3. Сөйлеу-логикалық.

Көрсетілген түрлерге нақтырақ тоқталар болсақ, ең алғашқысы (3 жасқа дейінгі балаларда болатын) практикалық-қимылды ойлау, 4-7 жас аралығында көрнекі-көркем ойлау басым болады. Мектептің алғашқы жылдарында сөйлеу-логикалық ой көрнекі-көркем ойлаумен қабаттаса дами бастаса, орта және жоғары сынып оқушыларында бұл маңызды орын алады. Тапсырма сөйлеу арқылы орындалады. Ойлауды дамытудың негізі – сөйлеу тілі. Ойлаудың даму барысында кейінгі ой алдыңғысын мүлде жоққа шығармайды.

Әрқайсысы өз жайымен дами береді, жетіле береді. Логикалық ойлаудың белгілі бір сапасының бір зат арқылы қалыптасуы белгілі бір мөлшерде оқушылардың жалпы бір дамуына қызмет ететіні белгілі. Кез келген бір пәнді оқып үйрену кезінде арнайы саладағы ойлау деңгейі мен жалпы ойлау деңгейі арасындағы байланыстан оқушылардың ойлауының даму мәселесі дұрыс қойылып отырғаны келіп шығады [14].

Баланың жас ерекшелігін ескере отырып математика пәнінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтеру. «Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылады. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлауының дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, оқу іс-


әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

«Ойлау логикалық заңдылықтары мен формаларына бағынады. Көптеген адамдар логикалық ойлайды, бірақ өздерінің ойлауы логика заңдылықтары мен формалары арқылы болып жатқанын білмейді» – дейді В. Кириллова [15]. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады. Логикалық ойлау – салыстырмалы түрде бұл жаңа проблема. Оның қазіргі кезеңде көкейкесті болып отыруының көптеген себептері бар. Барлық уақытта адамдар

білім беру саласында кризистерге жолығып отырған және оны шешу жолдарын іздестіру қажеттілігін сезінген.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логика түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады.

Ең басты мәселенің бірі – игеруге тиісті нақты материалдар негізінде ойлау операцияларын қалыптастыру және жетілдіру, әрі оны қолдана білудің алғашқы жолдарын үйрету. Сондай-ақ, қалыптастырып, жетілдіріп, үйрету арқылы логикалық ойлау іс-әрекетінің кезеңі ұсынылады (1-сурет).



1-сурет – Ойлау – іс-әрекетінің кезеңі

Бастауыш мектеп жағдайында баланың логикалық ойлауын дамыту үшін жұмыстар мақсатты түрде жүргізіліп отыруы қажет. Осындай ойлауды дамытуға қатысты төмендегілерді басшылыққа алу қажет:

Балаларды белгілі ережелер (математикалық т.б) жөнінде өз бетінше қорытынды жасай алуға үйрету үшін мұғалім мүмкіндігінше эвристикалық әдісті жиі пайдаланып отыруы тиіс.

Оқу материалдарын балалардың ойлау деңгейі жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырса ғана, оның ойлау деңгейінің дамуына мүмкіндіктер туады [16].

Балалардың сөйлеу қабілетін дамытып отыру олардың логикалық ойлауын дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

Логикалық ойлау қабылдаулар мен елестердің негізінде жасалады. Сондықтан оқушының




сабақты мүмкіндігінше жақсы қабылдай алуына, елестердің тиянақты қалыптасуына мұғалім айрықша қамқорлық жасамаса болмайды.

Мұғалім балаларды үнемі ойланып бағыттауы тиіс. Бұған оқу процесін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дамыта

алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

Жоғарыдағыны басшылыққа ала отырып, біз арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың моделін ұсынамыз.



2-сурет – Арнайы тапсырмалар жүйесі негізінде жасөспірім спортшылардың логикалық ойлауын дамытудың моделі

Сонымен, біздің ойымызша, арнайы тапсырмалар жүйесі бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудың тиімді жолы болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісінде арнайы тапсырмалар жүйесін тиімді қолданған жағдайда бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау деңгейі артады, олардың субъект-субъектілік тұлғасы қалыптасады.

Математиканың бастауыш курсына арнайы тапсырмалардың алатын орны ерекше.

Есепті шығару барысында жасөспірім спортшылар математикалық жаңа білімдерді игеріп, практикалық іс-әрекетке дайындалады. Сондықтан да төменде арнайы тапсырмалардың бірнеше түрлеріне тоқталып өтуді жөн көрдік.

*№1 «Математикалық фокус»*

Фокус (неміс. Nokuspokus) – епті және тез қимылдардың көмегімен көзді алдауға негізделген жасанды әдіс. Бірақ, математикалық фокус алдауға емес, ақиқат түрлендірулерге негіздел-

ген. Екі оқушының бірі (фокусшы) екіншісіне таңбаларының саны бірдей екі кез келген санды бірінің астына бірін, разрядтарын сәйкестендіріп жазуды ұсынады.

Содан соң, фокусшының өзі сол бағанға тағы бірқатар дәл сондай таңбалы басқа сандарды – алдыңғы бағандағы санға қосқанда 9 шығатындай етіп жазып шығады. Енді фокусшы осы өрнектің сол жағына «+» таңбасын қойып, астынан сызық жүргізіп қояды да, есептемей-ақ бірінші қатардағы сандарды жазып, бірақ соңғы санды 1-ге кемітіп, 1-ді алдына жазуды ұмытпау керек [17].

$$+ \begin{array}{r} 643961 \\ 356038 \\ 643961 \\ 1643960. \end{array}$$

### №2. Сиқырлы шаршылар.

Кез келген бағандар, жолдар және екі үлкен диагональдар бойындағы сандардың қосындысы немесе көбейтіндісі бір ғана санға тең болатындай шаршы кестені сиқырлы квадрат деп атайды. 3-суреттегі сиқырлы шаршыны немістің белгілі суретшісі Альберхт Дюрер атымен атағы шыққан. Кез келген сиқырлы шаршылардың бағандарының, жолдары мен диагональдарының бойында тұрған сандардың жеке-жеке қосындылары бір ғана санға тең болатыны белгілі. Бұл шаршыда ол сан – 34.

16	3	2	13
5	10	11	8
9	6	7	12
4	15	14	1

3-сурет – Дюрер шаршысы

34 санын тағы қалай алуға болатынын қарастырайық. Шаршының бұрыштарындағы сандардың қосындысы 34, ортада тұрған төрт

санның қосындысы тағы – 34. Төменгі жолдың ортасында тұрған сандар 15 пен 14 және жоғары жолдың ортасында тұрған сандар 3 пен 2-нің қосындысы тағы – 34. Дәл осы сан оң және сол бағандардың ортасында тұрған сандардың қосындысына тең.  $(5+9)+(8+12)=34$ . Ең соңында үлкен шаршының әрбір төрттен бірінде тұрған сандардың қосындысы  $(10+8+15+1)$  тағы да – 34.

Сонымен, логикалық ойлауды дамыту – ең әуелі математикалық оқу үрдісінде, есептер шығару барысында қамтамасыз етіледі. Жеке тұлғаның логикалық ойлауын қалыптастыру математикалық және басқа да оқытулардың негізгі мақсаты болуы тиіс.

**Қорытынды.** Қоғамымыздың сұраныс талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту қажеттілігі әлемдік білім беру кеңістігіне енгуге байланысты және соған сәйкес білім беру мекемелерінің жаңа бағдарын анықтап, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын көтеруді талап етіп отырғандығына байланысты болып отыр. Логикалық ойлау бүкіл білім жүйесін өз білімінің ауқымын, оны игерудің әдістері мен тәсілдерін өзіндік тұрғыдан айқындайтын, қоғам алдындағы өз біліміне деген жауапкершілікті терең түсінетін бастауыш сынып оқушыға бағытталуды талап етеді. Логикалық ойлау идеясы бойынша бастауыш сынып оқушысы білімді өздігімен игеруі тиіс. Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі мәселенің бірі – оқушыларға білім бере отырып, оқушыны білім әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру және логикалық ойлау деңгейін дамыту. Бастауыш сынып – оқушылардың бірте-бірте ой өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлауға сүйенеді. Оқушылардың ойлауын дамытуға арналған көптеген зерттеу жұмыстарда білімнің жүйелі ұйымдастырылуына басты назар аударған.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты. – Алматы, 2003. – 135 б.
- 2 «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы, – Астана, 2014.
- 3 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 б.
- 4 Занкова Л.В. Усвоение знаний и развитие младших школьников. – М, 1965. – 198 с.
- 5 Қосанов Б.М. Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар: орындау технологиясы. – Алматы, 2005. – 72 б.
- 6 Баймадиева Г.А., Қағазбаева А.К. Логическая подготовка как средство совершенствования методической культуры будущих учителей математики. – Арқалық, 1997. – 135 с.
- 7 Рахымбек Д. Оқушылардың логикалық-методикалық білімдерін жетілдіру / РКБ. – Алматы, 1998. – 143 б.

- 8 Меңліқожаева С.Қ. Математиканы оқытуда оқушылардың дедуктивті-аксиоматикалық ой-өрісін дамытудың ерекшеліктері. – Алматы. -2000. – 140 б.
- 9 Стрезикозин В.П. Бастауыш кластарды оқытудың актуальды проблемалары. – // Мектеп. Алматы. – 1977. – 251б.
- 10 Джанабердиева С.Ж. Қызықты математика арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту. – Алматы. – 2007. – 59 б.
- 11 Запорожец А.В. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. – 1990. – 103 б.
- 12 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. – М., 1983. – 163 с.
- 13 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер Ком, 1998. – 288 с.
- 14 Усакова Г.А. Психолого-педагогическая диагностика младших школьников // Академический проект. – 2004. – 306 с.
- 15 Алексеева Г.Ю. Педагогические условия развития творческого потенциала учащихся младших классов (в процессе изучения математики). – Ростов-на-Дону, 2001. – 145 с.
- 16 Ысқақова Р.О. Ғабитов Т.Х. Логика // Раритет. – Алматы, 2004.– 241б.
- 17 Егорина В.С. Формирование логического мышления младших школьников в процессе обучения. – Брянск, 2001. – 149 с.

МРНТИ 77.29.21

**Жарменов Д.К., Хаустов С.И.**

Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы

**ОПТИМИЗАЦИЯ ПРЕДСТАРТОВЫХ СОСТОЯНИЙ  
ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ ГРЕБЦОВ НА  
БАЙДАРКАХ И КАНОЭ В ПРЕДСОРЕВНОВАТЕЛЬНОМ ЭТАПЕ**

Жарменов Денис Касымович, Хаустов Станислав Иванович

**Оптимизация предстартовых состояний высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ в предсоревновательном этапе**

**Аннотация.** Усиливающаяся конкуренция в международном спорте диктует необходимость поиска новых путей повышения эффективности подготовки высококвалифицированных спортсменов для достижения ими спортивных результатов мирового уровня. Статья посвящена актуальной проблеме использования рациональных педагогических средств и методов и соблюдения педагогических принципов для формирования оптимальных предстартовых и предсоревновательных состояний высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ в предсоревновательном этапе их подготовки. Цель исследования заключается в том, чтобы путем оптимизации предстартовых и предсоревновательных состояний на основе комплексного использования специальных физических упражнений и соблюдения педагогических принципов в предсоревновательном этапе повысить у высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ спортивные достижения на самом высоком уровне. В целом, делаются выводы о том, что предлагаемая экспериментальная авторская методика оказывается весьма эффективной для достижения поставленной цели исследования.

**Ключевые слова:** оптимизация, предстартовые состояния, высококвалифицированные гребцы, этап предсоревновательной подготовки.

Zharmenov Denis Kasymovich, Khaustov Stanislav Ivanovich

**Optimization of pre-launch conditions of highly skilled rowers on kayaks and canoes in the pre-competition stage**

**Abstract.** Increasing competition in international sports dictates the need to find new ways to improve the efficiency of training highly qualified athletes to achieve world-class athletic performance. The article is devoted to the actual problem of the use of rational pedagogical tools and methods and the observance of pedagogical principles for the formation of optimal pre-start and competition conditions of highly skilled rowers in kayaks and canoes in the pre-competition stage of their preparation. The goal of the study is to optimize prestarting and precompetitive states based on the complex use of special physical exercises and adherence to pedagogical principles in the precompetitive stage to increase athletic performance at the highest level among highly qualified rowers and canoes. In general, it is concluded that the proposed experimental author's technique is very effective for achieving the goal of the research.

**Key words:** optimization, pre-start conditions, highly skilled rowers, stage of pre-competitive preparation.

Жарменов Денис Касымович, Хаустов Станислав Иванович

**Жарыс алдындағы кезеңде байдаркада және каноэде жоғары білікті ескіштердің старт алдындағы жағдайын оңтайландыру**

**Аңдатпа.** Халықаралық спорттағы күшейіп келе жатқан бәсекелестік әлемдік деңгейдегі спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін жоғары білікті спортшыларды даярлаудың тиімділігін арттырудың жаңа жолдарын іздеу қажеттігін талап етеді. Мақала рационалды педагогикалық құралдар мен әдістерді пайдаланудың өзекті мәселесіне және оларды дайындаудың жарыс алдындағы кезеңінде байдарка мен каноэде жоғары білікті ескіштердің старт және жарыс алдындағы оңтайлы жағдайын қалыптастыру үшін педагогикалық принциптерді сақтауға арналған. Зерттеудің мақсаты – арнайы дене жаттығуларын кешенді пайдалану және жарыс алдындағы кезеңде педагогикалық қағидаттарды сақтау негізінде жоғары білікті есушілер арасында байдарка және каноэ спортындағы жетістіктерді ең жоғары деңгейге көтеру. Жалпы, ұсынылып отырған тәжірибелік авторлық әдістеме зерттеу мақсатына жету үшін өте тиімді екендігі туралы қорытынды жасалады.

**Түйін сөздер:** оптимизация, старт алдындағы жағдай, жоғары білікті ескекші, жарыс алдындағы дайындық кезеңі.

**Введение.** Высокое спортивное достижение или победа в крупнейших соревнованиях международного уровня в любом виде спорта, в том числе и в гребле на байдарках и каноэ, во многом зависят от завершающего цикла тренировок – этапа предсоревновательной подготовки (ЭПП). От того, как построена подготовка, какие используются нагрузки, как они распределяются и чередуются, насколько восстанавливаются спортсмены после них, зависит их спортивная форма перед предстоящими соревнованиями.

«Хорошо известно, что за счет оптимизации предрабочих состояний спортсменов можно существенно повысить эффективность и надежность их тренировочной и соревновательной деятельности, особенно на этапе непосредственной подготовки к наиболее ответственным выступлениям сезона или олимпийского цикла» [1].

«Наука все больше проникает в процесс физического воспитания и тем больше знаний необходимо для ее осмысленного применения» [2].

В настоящее время «ни одна из задач тренировки не может быть успешно решена только средствами физических упражнений. Характер спортсмена, уровень его знаний, трудовая и общественная деятельность, быт находятся в тесной связи с его спортивной жизнью и во многом определяют успехи в ней» [3]. Полностью соглашаясь с процитированным высказыванием его авторов, мы, наряду с использованием специальных физических упражнений для оптимизации предстартовых состояний у высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ, показавших свою эффективность [4] в нашем исследовании, очень четко понимали важность соблюдения и общих научно-методических положений в тренировочном процессе на протяжении всего годичного цикла, а особенно на этапе предсоревновательной подготовки (ЭПП). Если этого не делать, то сами по себе никакие специальные физические упражнения поставленную нами цель не достигнут. В осуществлении этой цели важное значение как раз и имеет соблюдение общих положений и принципов спортивной подготовки, естественно, с учетом специфики любого вида спорта, в том числе и гребли на байдарках и каноэ. Это также необходимо для предупреждения ошибочной методики в подготовке любого спортсмена. Если на ЭПП будут допущены методические ошибки общего характера, то уже сложно будет говорить об оптимизации предстартовых состояний в последние дни перед соревнованиями. Все должно быть здесь направлено – и соблюдение общих

положений и принципов, и специфических – на достижение этой важной цели – оптимизации предстартовых состояний.

В данном исследовании нами широко использовались имеющиеся литературные источники по проблеме оптимизации предстартовых состояний высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ, а также результаты собственных научных исследований. Вместе с устоявшимися и общеизвестными положениями в нем рассматривается, возможно много в какой-то мере, дискуссионный материал в соответствии с точкой зрения авторов. Несмотря на то, что литературные источники по построению и содержанию предсоревновательного этапа у высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ имеются, но недостаточно изучена в нем педагогическая методика оптимизации их предстартовых состояний. Хотя в настоящее время уже накоплен довольно значительный опыт в использовании средств и методов оптимизации предстартовых и предсоревновательных состояний спортсменов, но до сих пор нет целостного представления об этой методике с учетом индивидуальных особенностей каждого из них. К тому же это в основном психологические средства и методы, о педагогических речи почти не ведется. Но не все команды имеют спортивных психологов и не все спортсмены в одинаковой степени поддаются психологическому внушению (воздействию). Поэтому на ЭПП тренеры, да и спортсмены, в данном случае руководствуются в основном собственным, часто ошибочным опытом и интуицией, что значительно снижает спортивные результаты [5].

Таким образом, **актуальность** исследуемой проблемы, ее недостаточная теоретическая и научная разработанность, ее практическая значимость определили выбор данной темы настоящего исследования.

**Цель исследования** заключается в том, чтобы выявить возможность оптимизации предстартовой готовности высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ в предсоревновательном этапе их подготовки для повышения у них спортивных результатов на самом высоком уровне.

Исходя из указанной цели исследования, были поставлены следующие **задачи**:

1. Выполнить анализ литературных и других источников по проблеме оптимизации предстартовых состояний высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ.

2. Разработать и апробировать в естественном педагогическом эксперименте педагогическую

методику для оптимизации предсоревновательной и предстартовой готовности высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ на этапе их предсоревновательной подготовки.

3. Определить эффективность экспериментальной педагогической методики оптимизации предсоревновательной и предстартовой подготовленности высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ.

**Методы и организация исследования.** Для достижения цели и решения задач исследования были использованы следующие методы: анализ литературных и других источников, педагогические наблюдения, естественный педагогический эксперимент, фиксация показателей эффективности соревновательной деятельности, математическая статистика.

Исследование проводилось на базе областной комплексной специализированной ДЮШОР по водным видам спорта в городе Шымкенте с 2016 по 2018 годы, в котором участвовали 28 высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ (мужчины: КМС, МС, МСМК). Исследование проводилось в 3 этапа. На первом из них осуществлялись сбор и анализ теоретического материала, а также подготовка к естественному педагогическому эксперименту. На втором этапе были сформированы две экспериментальные группы – опытная (14 чел.) и контрольная (14 чел.), у которых были выявлены исходные максимальные показатели на соревновательной дистанции. Испытуемые контрольной группы тренировались по общепринятой методике, а опытной – использовали специальные, разработанные нами с целью оптимизации предстартовой подготовленности гребцов, физические упражнения, описанные нами ранее и подтвердившие свою эффективность ( $P < 0,05 \div$

0,01) [4, с. 76-79]. Кроме того, и в опытной, и в контрольной группах делался акцент на соблюдение общепедагогических принципов, правил и положений на протяжении всего годичного цикла подготовки, а особенно – на ЭПП.

**Результаты исследования и их обсуждение.** Управление тренировочным процессом связано с оптимизацией, кроме всего прочего, его структуры и содержания в микроциклах, мезоциклах и макроциклах. Для оптимизации предстартовых состояний высококвалифицированных гребцов на байдарках и каноэ, на наш взгляд, особое значение имеют мезоциклы предсоревновательного этапа подготовки. «Построение тренировочного процесса на основе мезоциклов позволяет систематизировать его в соответствии с главной задачей периода или этапа подготовки, обеспечить оптимальную динамику тренировочных и соревновательных нагрузок, целесообразное сочетание различных средств и методов подготовки, соответствие между факторами педагогического воздействия и восстановительными мероприятиями, достичь преемственности в воспитании различных качеств и способностей [6].

При планировании и проведении ЭПП во многом мы руководствовались уже имеющимся практическим опытом и рекомендациями известных ученых по данной проблеме, к примеру, таких как Н.Г. Озолин и Л.С. Хоменков [3, с. 74-80] и других.

Для успешного выступления на самом главном соревновании года необходимо рационально проводить досоревновательную тренировку на ЭПП. В этом смысле мы отводили важное место данному этапу (рисунок 1), целью которого являлось обеспечение их оптимальной подготовки перед соревнованием для показа более высокого результата.




Рисунок 1 – Структура соревновательного периода высококвалифицированных гребцов

Досоревновательная подготовка, ее методы, средства, объем и интенсивность нагрузок и прочее у нас вытекали из предыдущего плана, апробированного на других крупных соревнованиях. Когда соревнование имело лишь тренировочное значение и гребец не ставил цель показать высокий результат, то ЭПП не планировался. Подобные параллельные с тренировкой соревнования планировались только в соревновательном периоде. При участии же в соревнованиях довольно высокого уровня гребцы включали и предсоревновательную подготовку. Но не в кульминационных соревнованиях подобная тренировка была непродолжительной: в течение 1 недели, где число тренировок не изменялось, но тренировочная нагрузка снижалась. Интенсивность нагрузки на коротких дистанциях уменьшалась, а на длинных сохранялась или немного увеличивалась. Максимальное возрастание интенсивности с довольно значительным снижением объема происходило в течение 3 дней до соревнования. При этом, основная цель ставилась – обеспечение оптимальной предстартовой готовности ко дню соревнований. Подобные досоревновательные тренировки включали разминку или облегченное тренировочное занятие до соревнования, а до этого – отдых, в основном, активный (медленный бег и не интенсивные общеразвивающие упражнения).

Структура предсоревновательной подготовки гребцов в нашем эксперименте включала в себя две недели. Первая из них проводилась с максимальными нагрузками, следующая облегчалась на 50% по сравнению со средней нагрузкой. В связи с этим, недостаточное восстановление на первой неделе ликвидировалось на второй, на которой необходимо было полностью восстановить силы и возможности гребцов и повысить их способности для проявления оптимальной готовности именно на соревнованиях. Данный вариант использовался нами в качестве заключительного в подготовке к главному соревнованию гребцов, специализирующихся на длинных дистанциях.

Рациональная подготовка к главному соревнованию требовала более длительного времени (от 5 до 6 недель), целью которой являлось обеспечение наилучшей спортивной формы к его проведению. Важнейшей основой ЭПП являлось оптимальное построение тренировки с повторяющимися недельными или с другой продолжительностью микроциклами, моделирующими предстоящие соревнования. Данный этап оформлялся как подробный ежедневный

